Серік ДӘУЛЕТОВ

Бұл шығарма
Қазақ хандығының
550 жылдығына
орай дайындалды.

# АЛШЫН ШЕЖІРЕСІ

( Жаңаша көзқарас)

Тараз
2015

ӘОЖ 929.5

ҚБЖ 63.2

Д 22

**Дәулетов Серік Тағыбергенұлы.**

**Д-22** Алшын шежіресі ( Жаңаша көзқарас): /Тарихи зерттеулер/.

Тараз, ТОО «Графика-Ю», 2015, - 93 бет

ISBN 978-601-06-3257-8

Бұл кітапта Алшын және Алаш сөздерінің этимологиясы туралы тың пікірлер айтылған, қазіргі кездегі қолданыстағы Алшын шежірелеріндегі ру-тайпалардың, аталықтардың атауларының қайдан шыққаны туралы автордың көп жылғы ізденістері жариялаған. Сондай-ақ кітапта Әлім, Шекті, Қабақ, Төлес, Ша, Аспан, Кете, Қаракесек, Тобыл, Үңгіт, Қарасақал, Байұлы, Қынық, Беріш, Шеркеш, Таз, Адай, Барғыт, Алаша атауларының этимологиясына байланысты топонимдердің карталары берілген, және сол топонимдердің географиялық координаттарының негізінде 1207 жылғы Алшын елінің картасы жасалынған.

Кітап қалың оқырман қауымға, ұлт тарихы мен шежіресіне қызығатын оқырмандарға арналады.

Автор пікір жазғаны үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтінің жетекші ғылыми қызметкері филология ғылымдарының кандидаты Нәпіл Базылхан мырзаға және XIII ғ. Орман елі-Алшындар картасын жасауға атсалысқан инженер-геодезист Ернар Жекебазаров мырзаға алғысын білдіреді.

Анықтамалар үшін : телефон: +7 7014709294

e-mail: dauletov-serik@mail.ru

**ӘОЖ 929.5**

**ҚБЖ 63.2**

Барлық құқықтар қорғалған

**ISBN 978- 601-06-3257- 8**

**©Дәулетов Серік Тағыбергенұлы, 2015**

# АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Қазақ халқының аса бай әрі терең тамырлы тарихының қатпарлы-қатпарлы беттері әлі де ғылыми терең зерттеулерді қажет етеді. Өйткені, қазақ халқы әп-сәтте қалыптасып пайда болмаған, оның сонау ежелгі замандардан тіл бітіп, тілдесе бастаған кездерінен, одан алғашқы номадтардың өкілдері сақтардан бастап, "хұннұ", "түрік", "қыпшақ", "моңғол", "алтын-орда", "өзбек", "ноғай", "қазақ" дәуірлеріндегі аса күрделі этносаяси тарихы бар. Біздің арғы ата-бабаларымыз мемлекеттік құрылымдар қалыптастырған тарихының мерзімін межелеп айтатын болсақ, үш- төрт мың жыл бұрыңғы тарих деген сөз.

Осынау тарихта шынайы этникалық тарихи сабақтастықтар, ұрпақаралық үзіліссіз байланыстарымыз да бар. Демек, XV ғасырдың орта тұсында бір шаңырақтың астына қауымдасып қазіргі біртұтас тіл мен бірыңғай болмысты, бір сөзбен айтқанда, қазақ ұлтын сомдаған көптеген түрік тектес ру-тайпалар да өмір кешті, сан-қилы өзгерістер де болып өтті.

Осы ретте, қарапайым қазақ азаматы, өз тарихының жанашары Серік Тағыбергенұлы Дәулетовтың еңбегі жайында біздің айтарымыз мынау:

Еуразия кеңістігінде сонау есте жоқ ежелгі заманнан бері арғы ата бабаларымыздың кешіп өткен тарихын тектеп баяндаудың өзі де белгілі бір мерзімді, ғылыми тиянақты зерттеулерді, тіптен тосын ой-пікірлердің талқыға салынуы сияқты сан-қилы талдауларды сөзсіз қажет етеді. Осы тұрғыдан С.Т.Дәулетовтың аталмыш еңбегінде жаңа көзқарас пен тың ұсыныстар мол дегіміз келеді.

Бұл еңбекте қазақтың ру-тайпаларының күрделі тарихына қатысты алшын және басқа да этноним атаулардың, тарихи топонимдерінің этимологиясы жайында қызықты ұсыныстар айтылған. Автор С.Т.Дәулетовтың пайымдауынша Алшындардың Еуразиялық кеңістіктегі көш жолдары Орман Елі (Алтай, Саян тау жоталы аумағынан бастау алып) одан Жошы Ұлысына, содан Ноғай Ордасына, одан кейін Қазақ хандығына бірігу тұтасты үрдістері болды делінеді. Біз де аталмыш пікірді құптаймыз. Шын мәнінде этностардың миграциялық жолдарына дәйекті дәлелдердің бірі топоним атаулары болып табылады. Бұл топонимдерінің қызықты тұстары жайында автор қазақ, моңғол тілдік деректерді кеңінен қолдана отырып, өзінің ой пікірлерін сенімді етіп жазған.

Жалпы, этнонимдер мен топоним атаулардың түрік, моңғол және басқа да көшпелі халықтарда ортақ құбылыстары мен ерекшеліктері бар екендігі, олардың тарихи хронологиялық межелеріне де назар аудару шарт екендігі зерттеушлерге белгілі.

Таулы Алтайлық зерттеуші Н.В. Екеевтің зерттеулері бойынша[1] қазіргі Таулы Алтай халықтарының этнонимдерінде көне түріктік, моңғолдық компоненттердің туыстық байланыстарының бар екендігі айрықша байқалады. Осы тұрғыдан алып қарастырсақ, С.Т.Дәулетовтың сөз болып отырған еңбегіндегі ой тұжырымдары басқа да зерттеушілердің талдауларымен тағы да дәлелденіп тұрғандай.

Біздің тарихымыздың шынайы ақиқаты белгілі дәрежеде жазылып та келеді, айтылып та келеді. Әрине, біздің тарихымыз толық жазылып баяндалды дегеннен аулақпыз.

Сондықтан өз тарихын, ата бабаларымызыдң тарихын тануға талпынған, беймәлім әрі құпия сырларын көре білген, дәйекті етіп дәлелдей білген қарапайым азаматтарымыздың да ісі жарыққа шығуға тиісті деп білеміз.

Автор С.Т.Дәулетовтың Алшын атауын көне түрік, моңғол тілдеріндегі alaq// alag > alaq+čin// alag+čin > аңшы, аңды өлтіруші деген семантикасынан туындаған байырғы атау дегені пікірі шындыққа анағұрлым жақын деп санаймыз. Шынында да қазақ тілінде "ала" дегенді моңғол тілінде "алаг" деп айтатын фонологиялық ерекшелігі де бар. Басқаша айтқанда "алақ+шын" дегеніміз қысқартылып айтыла келе-келе , "алшын" , "алаш" атауына айналған.

Түптеп келгенде **Алшын= алығшын= аншын=алығшы= алаш= аңшы, Алшы-татар*= аньци-татар= аңшы-татар** деген жаңғыртпасы көңілге қонымды.

Сөйтіп, С.Т.Дәулетовтың қызықты да тосын жаңалығы бар бұл еңбегін оқып танысқан соң көпшілік жұртшылыққа жариялауға тұрарлық талдау жұмыс болған , қазақтың (жалпы алғанда түріктік, моңғолдық делінетін ) тарихи этнононимдер мен топонимика саласына аз да болса өзіндік үлесін, өз пікірін қосқан еңбек болған деп санаймыз.

Филология ғылымдарының кандидаты **Нәпіл БАЗЫЛХАН**

---

[1] Екеев Н.В. Алтайская этногония: вопросы состава, типологии, этимологии, стратиграфии Электронный ресурс. / Н.В. Екеев. Режим доступа: http://clib.gaju.ru/2a/archive/2002/08/21.html#ekeev.

*Елімізге керек емес ертегі!*
*Ертегіні өз балам да шертеді.*
*Тарих керек!*
*Іргетасы ол халықтың,*
*Іргетассыз қаланбайды*

*Ертеңі!*

Қадыр Мырза-әлі

# К І Р І С П Е

Кейбір деректер бойынша қазақтың екі жүзден астам ру шежіресі бар. Алайда, «Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ» деп Мәшһүр Жүсіп айтқандай, шежіреміздің көбі он-шақты атадан әрі қарай көмескілене береді. Оларды жинаған, жазған адамдардың шежірелік білімі әртүрлі болғандықтан ойдан шығарылған кейіпкерлерді қосу белең алған. Оның үстіне руына тарту, әркім өз ата-бабасын әспеттеу, дін өкілдерін енгізу сияқты кемістіктер кездеседі.

Бүгінде заманауи технологияларды қолдану арқылы төл шежіреміздің кемшін тұстарын толықтыруға мүмкіндік туды. Ғаламтордағы сайттардан қазақ рулары мен тайпаларының генеалогиясы, таңбасы, ұраны туралы сан-алуан ақпарат алуға болады. Ғылымның жетістіктерінің арқасында соңғы жылдары генетикалық зерттеулердің жаңа бағыттары пайда бола бастады. Соның бірі генетикалық генеалогия немесе ДНК-генеалогия. Кәдуілгі генеалогия мұрағат құжаттарына немесе шежірелерге сүйенсе, генетикалық генеалогия биологиялық құжатқа- ешқашан жаңылмайтын адам ДНК-сына сүйенеді. Генетикалық генеалогияның бір қасиеті – ДНК-ның атадан балаға өзгеріссіз берілетін бөлігіне- Y-хромосомаға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Елімізде қазір америкалық Family Tree DNA компаниясының келісімімен коммерциялық Shejire DNA жобасы жұмыс істеп жатыр. Жобаның директоры Нұрбол Баймұқановтың айтуына қарағанда, бүгінде мыңға тарта адам генетикалық сынақтан өткен, оның 200-ге жуығы Алшындар.

Мен де осы жоба арқылы ДНК-тест тапсырып, ата-бабалық гаплотобымның C3c (C-M48) екеніне  көз жеткіздім. Бұл гаплотопты генетикалық генеалогиямен айналысып жүрген кейбір қазақстандық ғалымдар «Алшын кластері» деп те атап жүр.

Солардың бірі философия докторы - PhD, саясаттанушы Жақсылық Сәбитов. Ол өзінің «*Этногенез казахов с точки зрения популяционной*

*генетики»*[2] деген еңбегінде Қазақ ДНК-жобасында тест өткен 273 қазақтың гаплотоптарын талдап**,** әрбір руда белгілі бір доминанта гаплотоп бар екенін анықтаған, оны ол кесте түрінде былай келтірген:

| **Род** | **C3** | **C3d-M407** | **C3c1** | **G1a1b** | **J2** | **N1c** | **O** | **R1a** | **R1b1a1** | **R1b1a2** | **R2** | **Other** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Argyn | 2 | 0 | 3 | **30** | 0 | 0 | 0 | **15**[2] | 1 | 0 | 1 | 0 |
| Alshyn | 2 | 0 | **41** | 2 | 1 | 1 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 1 |
| Kozha | 0 | 0 | 1 | 1 | **4** | 0 | 0 | **7** | 1 | 1 | 2 | **8** |
| Nayman | 1 | 0 | 1 | 3 | 0 | 1 | **10** | 1 | 0 | 3 | 0 | 0 |
| Tore | **13**[3] | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 | 0 | 0 | 4 | 0 |
| Uysyn | **12** | 1 | 0 | 0 | 1 | 1 | 0 | 2 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Tabyn | **10** | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | **5** | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Shanyshkyly | **13** | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 | 0 | 0 | 0 | 1 | 0 | 0 |
| Karakipshak | 0 | 0 | 0 | 1 | 0 | 1 | 1 | 0 | **7** | 1 | 0 | 0 |
| Konyrat | 0 | **7** | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Kerey | **4** | 1 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |

Бұл доминанта гаплотоптар Жақсылық Сәбитовтың ойынша қазақ шежірелерінде айтылатын сол рулардың ата-бабаларының гаплотоптары.

*«В советское время к шежире относились крайне скептически, ставя его на уровень фольклора, где уровень домыслов крайне велик. Но данные генетики свидетельствуют о том, что шежире зачастую подтверждается на* ***80-90%,*** *когда люди, имеющие по шежире единого предка (исключая кирме – потомков усыновленных и др.), имеют также одну гаплогруппу и близкие гаплотипы. Таким образом, говоря об этногенезе казахов, можно утверждать, что казахские рода являются преемниками некоторого количества золотоордынских эмиров, которые по шежире являются их предками, то есть данные шежире подтверждаются данными популяционной генетики по Y-хромосоме.»*[3]

Демек, дейді Жақсылық, барлық дерлік қазақ рулары Алтын Орда әмірлерінің ұрпақтары.

Оның ойынша

Үйсіндер 13 ғасырда өмір сүрген Майқы биден,

Қаңлылар 17-18 ғасырда өмір сүрген Келдібектен,

Шанышқылылар 17-18 ғасырда өмір сүрген Шанышқылыдан,

Арғындар 14-ғасырда өмір сүрген Арғыннан,

Наймандар 13-14 ғасырда өмір сүрген Өкірештен,

---

[2] The Russian Journal of Genetic Genealogy (Орыс нұсқасы) 5 том, №1, 2013 ж., 35-б.

[3] Сонда, 34-35 бб.

Қоңыраттар 14 ғасырда өмір сүрген Нанғұдайдан,

Уақтар 15 ғасырда өмір сүрген Ер Көкшеден,

Алшындар 14 ғасырда өмір сүрген Алаудан тарайды.[4]

Мен Жақсылықтың бұл пікірімен келісе алмадым. Себебі қазақ - қарға тамырлы, және қазақтың тамыры Жақсылық ойлағаннан тереңде жатыр. Қазақ халқын құраған ру-тайпалардың ата-тегі Еуразия кеңістігінде әлімсақтан бері тұрып келе жатқанын біле тұра, Жақсылықтың қазақтарды 13-14 ғасырдағы Алтын Орданың 7-8 әмірінен тудыруы- тарихқа қиянат. Ғаламтор сайттарында шежіре деректеріне «фолк хистори» деп қарайтын Жақсылық бұл жолы З.Сәдібековтың «Қазақ шежіресін», Т.Үсенбаевтың «Алшын шежіресін» еш күмәнсыз 100 пайыздық сенімді дереккөз ретінде қолданған. Ол мұндай тұжырым жасамас бұрын Қазақ шежіресі туралы «Әз-Жәнібекханнан бергі қарай аталары туралы шын да, өтірік те айтылған сөздер бар» деген Шәкәрімнің, «Без предварительного изучения генеалогии каждого отдельного рода, а также без того, с кем и в какие времена он сталкивался невозможно представить себе общую картину исторических судеб казахского народа» деген Мұхамеджан Тынышпаевтың сөздерін қаперіне алып, аталмыш еңбегінде пайдаланған шежірелерді ғалым ретінде сыни көзқараспен зерттеп, әрбір рудың тарихын талдауы керек-ақ еді...

Бір қызығы Жақсылық қырғыздардың шежіресі (санжырасы) мен қауымдастық генетиканың байланысы туралы қырғыз сайттарында басқаша сөйлейді:

«*Задачей популяционной генетики в исследованиях народов, живших родоплеменным обществом, здесь становится именно разделение и выявление, какая часть из санжира является достоверной, а какая часть мифической и какая часть каждого этноса близка другой части другого этноса...Не стоит абсолютизировать исследования по Y-хромосоме, она несет в себе всего 85 генов, в то время как в самом человеке около 28000 генов, то есть Y-хромосома составляет всего* ***0,3 %*** *от всего генома человека. Если же исследовать кыргызов на аутосомы (все 46 хромосом, а не только на Y-хромосому), то мы можем получить совсем другую картину. К примеру, по аутосомам кыргызы будут очень близки алтайцам, казахам и другим тюркским народам Центральной Азии. Или же кыргыз, имеющий гаплогруппу R1a будет по Y-хромосоме будет очень далек от кыргыза, имеющего гаплогруппу C3, но при этом по аутосомам они будут очень близки. Так что, говоря о гаплогруппах Y-хромосомы надо помнить,*

[4] The Russian Journal of Genetic Genealogy (Орыс нұсқасы) 5 том, №1, 2013 ж., 31-б.

*что основываясь на этих исследованиях нельзя говорить о происхождении всего народа».*[5]

Жақсылық Сәбитовпен екінші бір келіспейтін жерім- ол осы аталмыш еңбегінде алшындарды татарлардан шықты дейді.

Жақсылықтың ойынша:

*«Род происходит от алчи-татар, племени, которое было почти полностью истреблено Чингиз-ханом. Предок рода- Алау, живший в середине 14 века»*[6]

Ол мұнда «Моңғолдардың құпия шежіресінде» және Рашид әд-Диннің «Жәми әт-Тауарихында» айтылатын 1202 жылы Шыңғысханның татарларды шығырыққа (арбаның білігіне- тележная ось) теңестіріп қырған оқиғасын айтып отыр.Оның ойынша, қазақ Алшындары сол қырғыннан анда-мында тығылып аман қалған (немесе бойы шығырықтан аласа боп өлтірілмей қалған) алшы-татарлардың біреуінің шөбересі (немесе немересі)- Алаудан тарайды. Соңғы кездері ғаламтор бетін бермей жүрген Жақсылықтың бұл тұжырымдары жеті атасын білейін десе айтатын ақсақалы жоқ, ақпаратты тек интернеттен алатын қазақ жастарын алжастыруда.

Сондықтан қолға қалам алуға тура келді.

Мен білсем, біріншіден, Алшындар- татарлар емес. Екіншіден, Алау батыр да татар емес. Үшіншіден, қазақ Алшындары 14 ғасырдан ерте пайда болды. Бір тайпалы елді 14 ғасырдағы жалғыз адамнан тарату еш ақылыма сыймады. Өзім Алшын болғандықтан Алшын шежіресін шама-шарқымша зерттеп жүр едім. Енді сол ойларымды ортаға салып отырмын.Тарихшы ғалым емеспін, бірақ қазақ тарихшыларына ойтүрткі бола ма деймін.

## АЛШЫНДАРДЫҢ РУ-ТАЙПАЛЫҚ СТРУКТУРАСЫ

Қазақ шежіресі Кіші жүзді үш топқа бөледі- Әлімұлы, Байұлы, Жетіру. Алайда кейбір шежірешілер, айталық, қазақтың әйгілі қоғам қайраткері, тарихшы Мұхамеджан Тынышпаев немесе Кіші жүздің құрамы туралы егжей-тегжейлі шежіре жазған Теңізбай Үсенбаев, осы 3 топтың ортақ атауы Алшын десе, Шәкәрім қажы «Иофшин сөзінде Кіші жүздегі

---

[5] Ж.Сабитов: Происхождение кыргызов с точки зрения полиморфизма Y-хромосомы http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1380522540

[6] Этногенез казахов с точки зрения популяционной генетики. The Russian Journal of Genetic Genealogy (Орыс нұсқасы) 5 том, №1, 2013 ж.,31-б.

рулар: ең басты елі-алшын. Оған жеті ру деген елдерді атақты Тәуке хан қосқан» дейді. Менің пікірімше де Алшындар- Әлімұлы және Байұлы деген топтарға біріккен рулар, оның дәлелін келесі тарауларда келтіреміз.

Бұл нұсқаны сызба күйінде былай бейнелеуге болады.




Әртүрлі –қожалар мен –сиықтарды, асырап алған, адасып кеткен, жиеннен туған деген сияқты жинаушылардың қиялынан туған кейіпкерлерді алып тастасақ, 12 ата Байұлы мынадай рулардан тұрады: Адай, Беріш, Шеркеш, Алаша, Байбақты, Таз, Масқар, Ысық, Алтын-Жаппас, Тана, Есентемір, Қызылқұрт. Сол сияқты Әлімұлының құрамын сұрыптасақ мынадай болады: Шекті, Шөмекей, Қаракесек, Қарасақал, Төртқара, Кете.

Сонымен, Алшындардың ру-тайпалық жүйесі сызба күйінде :




Жетіруға келетін болсақ, оның құрамына Тама, Табын, Кердері, Керейіт, Телеу, Жағалбайлы, Рамадан кіреді.

# АЛШЫНДАР ҚАЙДАН КЕЛДІ

Жуырда Shejire DNA қызметкерлері Ғабит Баимбетов, Нұрбол Баймұқанов, Искандер Туремуратов «Гаплогруппа C-M48 [FTDNA: C3c; ISOGG: C2b2] Субклады. Кластеры. Миграционные процессы» деген зерттеулерінде [7] Genographic Project нұсқасына сілтеме жасап, C-M48 иелерінің таралу картасын көрсетті, қараңыз:




Байқасаңыз бұл аймақ Қиыр Шығыс, Сібір өлкесі мен Қазақстанды қамтып жатыр. Аталмыш гаплотоп Батыс Қазақстанда 80 пайызға дейінгі жиілікпен ( картада- ең қошқыл түс) шоғырланған.

Картадан Алшындардың қайдан келгенін көруге болады.

**Алшындар Сібірден келді.**

Алшындар XIII ғасырда Сібірдің Алтай-Саян таулы тайгасын мекен етті.

**ТАЙГА** 1. тайга (Сибирдің қалың орманы); 2. ну, қалың [8]

**Алшындар- орман елі болған**.

Алшын шежіресінің бастауларының бірі - «Моңғолдың құпия шежіресі». Түркі-моңғол тілдерінің шығу тегінің бірлігін дәлелдеген ғалым филология ғылымдарының докторы, профессор Базылхан Бұхатұлы былай дейді:

---

[7] Этногенез казахов: историко-генетический аспект. Shejire DNA. Алматы 2014. ISBN 978-601-06-3036-9

[8] Б. Базылхан.Монгол-казах толь (Моңғол-қазақ сөздігі) Улаанбаатар өлгий.1984 ж., 445-б.

*«... «Моңғолдың құпия шежіресі» секілді көне тілдік жазба ескерткіштерді зерттеу маңызды, сол арқылы тілді, тіл тарихын, этнос тарихын, оның этносаяси, этномәдени даму заңдылықтарын, өзгеру, алмасу сынды сан қилы құбылыстарын айқындауға әбден болады. «Моңғолдың құпия шежіресінде» сол замандардағы тарихи болмыс мейілінше шынайы хатталған»*[9].

Моңғолдың құпия шежіресінен:

*«239- бөлім...Қоян жылы (1207 жыл) Жошыны оң қол қанат әскерлерімен Ой-еркінге (**Орман еліне**) аттандырды. Бұқа оған жерші болып барды. Ойраттың Құдұқа бегі Түмен Ойраттарын ілестіріп бұрынырақ кіріп келді. Ол келіп Жошыны басқарып Түмен Ойрат жеріне жерші болып Шықшытқа дейін апарды. Жошы Ойрат, Бұрыйат, Барсұн, Ұрсұт, Қабқанас, Қаңқас, Тұбасты бағындырып Түмен Қырғыздарға жаткенде қырғыздың ноядары Еді-ынал, Алдыгер, Өребек-тегін ілесіп бағынып, ақсұңқар, ақбозат, қара бұлғын алып келіп Жошымен кездесті.*

*Шібір, Кесдім, Байыт, Тұқас, Теңлек, **Төелес**, Тас, Бажықыттан бергі орман ел-жұртын Жошы бағындырып, қырғыздардың түмендік, мыңдық ноядары мен Орман елінің ноядарын ертіп алып, Шыңғыс қағанға ақсұңқар, ақбозат, қара бұлғындарымен кездестірді. Ойрат Құдұқа бекті алдымен ілесіп бағынып, Ойратты басқарып ертіп келдің деп Шыңғыс қаған сый тарту ретінде оның ұлы Ыналшыға Чечейкенді берді. Алақа бикені Оңғұтқа берді.*

*Шыңғыс қаған Жошыға сый тарту етіп:*

*«Ұлдарымның ағасы сен үйден енді ғана шыға сала жолың болып, барған жеріңде ерді де, ат жылқыны жарақаттамай, қинамай, ырысты орман ел-жұртын бағындырып келдің. Осы ел- жұртты саған берейін деді».*[10]

## ОРМАН ЕЛІНДЕГІ АЛШЫН РУЛАРЫ

Бұл шежіредегі Шықшыт- орысша Шишкит- қазіргі Ресей мен Моңғолияның шекарасымен ағатын өзен, Енисейдің бастауларының бірі. Ал Шықшыт жақта өмір сүрген тайпалар *Ойрат, Бұрыйат, Барсұн, Ұрсұт,*

[9] Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері.1-т.Алматы. Дайк-Пресс, 2005ж.13-б.

[10] Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. 1- том. Алматы. «Дайк-Пресс».2005ж. 299-б.

*Қабқанас, Қаңқас, Тұбас* кімдер, олар Орман еліне жата ма, Алшынға қатысы бар ма?

Бурят пен Тува қазір Ресей Федерациясының құрамында екені белгілі, ал барсуд, урсуд, хабханас, хангай рулары - Ішкі Моңғолияда.

Ойратқа келетін болсақ, кейбір ғалымдар «ойрат» сөзін моңғолдың«ой»- орман және «ард» -халық деген сөздерінен пайда болған, демек, орман халқы деп түсіндіреді.

XIII – XIV ғғ. өмір сүрген әйгілі парсы тарихшысы және мемлекет қайраткері Рашид әд-Дин өзінің «Жамиғ ат-тауарих» жылнамалар жинағында ойраттар туралы тарауда «Моңғолдың құпия шежіресінде» аталған ойраттар көсемі Құдұқа бек пен Шыңғысхан әулетінің құда-андалығы туралы егжей-тегжейлі тарқатады. Алайда Рашид әд-Дин ойраттарды орман халқы деп атамаған.

Сібірдің таулы-тайгалы аймақтарында өмір сүрген ойраттар кейінірек Шыңғысханнан жеңіліс тапқан наймандар мен керейіттердің жерлерін иемденді, XIII ғасырдың басында олардың жалпы саны 200 мың болды дейді Черненко Вадим мен Арынгазин Ризат.[11]

«Алтын тобчыда» да Ойрат пен Орман елі бөлек аталады. *«[Шыңғыс қаған]... қырық түмен Моңғол, **төрт түмен Ойрат**, алты мың Үжигет, Оңғұча, Осқи, Барғы, Бұрат, Тоуа, Ұранқан, Ұрұғтан, Қамиған, Егүт, **Орман әулеті**, Ала жылқылы, Алтын тепшелі ұсақ- түйек ел, Күрең ит елі, Басы жоқ ел, Шұбар жалғыз аяқты ел, Едөн ектен елдерін уысына алып, барыстай ұстап, аюдай жарып, өз дегенімен жүріп, Едөн ектен ұлыстан алым алып, Жамбутиб әлемінде Бұрқанның әмірімен, тәңірдің жебеуімен, қара басты адамның қалыбы бола тұра, осыншама ұлыстың басын біріктіріп, бес түсті ұлы ұлыс, төрт жаттың ессіз бұзақыларына ес беріп, Ұлысты құрып, төрді ныгайтуға жұмылған сәйт тектілерден түмен нойанын, мыңдық нойанын, ондық нойандарын сайлады».*[12]

Қалай дегенде де, Ойраттар мен Алшындардың тарихи векторлары әртүрлі болды. Кезінде дүниені дүр сілкіндірген ойраттардың қазір Ресей, Қытай, Моңғолияда тек жұрнақтары қалды.

---

[11] Имена в истории Казахстана:правители Джунгарского ханства в 17-18 веках. www.kyrgyz.ru/?page=317

[12] Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. 2- т.Алматы, Дайк-Пресс.2005 ж. 268-б.

Сонымен «Моңғолдардың құпия шежіресінен» жоғарыда келтірілген үзіндіде Алшындар бар ма?

Бар, ол **Төелес = Төлестер**!

Сенімділігімнің себебі- мен Төлеспін. Атым мен ата-тегімді төменнен жоғары қарай атасам Серік-Тағыберген-Дәулет-Мәмбеталы-Кішкентай-Амалдық-Асан-Бақтыбай-Төлеспін!

Гапплотобым бойынша C3c (M-48) Алшынмын.

**13 ғасырда Төлестер Орман елі болған**

Төлестердің Орман елі болғаны «Моңғолдардың құпия шежіресінің» мына бір тарауынан да көрінеді:

*Шыңғыс қаған Қорчыға:*

*«Бала кезімнен мені жақтап,*

*Жорып айтып жөн сілтеп,*

*Осы шаққа дейін бірге*

*Балшыққа батысып,*

*Суыққа сіресіп,*

*Құт-ырыспен жүрдің сен.*

*Қорчы сол кезде*

*Жоруым рас болып орындалып,*

*Тәңріге жағар болса,*

*Отыз әйел алайын деп едің сен.*

*Ендеше жоруың расталды. Сый тарту етіп осы бағынған ел-жұрттан жақсы әйел, қыздарды таңдап, отыз әйел ал» деп жарлық етті. Тағы «Қорчы үш мың Бағарынның үстіне Тоқай, Ашық екеуімен бірге Адарғұн, Чынос,**Төүлес**, Телеңгүт, болып түмен етіп толтырып, Қорчы сен Ертіс өзені бойындағы орман еліне дейінгі жерді биле, сол жерді қорық етіп, орман елін ертіп Қорчы түменді биле» деп жарлық етті.*[13]

[13] Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. 1-т. Алматы, Дайк-Пресс, 2005ж. 264-б.

Рашид әд-Дин бойынша мұндағы Бағарын, Адарғұн, Чынос моңғолдың нирун тайпасы, ал Телеңгүт- жалайырға жатады.[14]

**Төлестер туралы бірер сөз**

*«Верховья реки «Алаш» находятся в 70 верстах на восток от* ***Толесского*** *озера (Телецкое озеро)»*[15]



*Төлес көлі* [16]

*«Әкеміз, ағамыз құраған халықтың атақ-даңқы жоқ болмасын деп, түркі халқы үшін түн ұйықтамадым,күндіз отырмадым. Інім Күлтегінмен, екі уәзіріммен өліп-тіріліп құрадым... Мен өзім қаған болғанда жер-жерге тарап кеткен халық өліп-жітіп, жаяу-жалаңаш қайта келді. Ең бірінші болып* ***төлес*** *тайпасы оралды».*[17] 732-жылы тасқа басылған осы шежіреден-Орхон өзенінің бойынан табылған Күлтегін жазуынан-Төлес этникалық есімінің Алшыннан көнерек екені көрініп тұр.

---

[14] «Сборник летописей» 1-том.Ленинград. СССР ҒА баспасы.1952 ж. 93-б., 4-бөлім, 2-тарау.

[15] М Тынышпаев Материалы к истории киргиз-казакского народа Ташкент.1925 ж.54-б.

[16] http://tainyvselennoi.mirtesen.ru/blog/43874337810/Rossiya,-Teletskoe-ozero,-respublika-Altay.

[17] http://kk.wikipedia.org/wiki/Білге_қаған



*Күлтегін ескерткіші. Хушуу Цайдам.Солтүстік Моңғолия.*[18]

*«...эта надпись, как исторический документ, имеет первостепенное значение, пополняя довольно скудные китайские известия, относящиеся к эпохе образования нового Турецкого ханства. В последующих строках надписи сказано: «Он- (Ильтерес каган) дал устройство племенам* ***толес*** *и тардуш и назначил тогда же ябгу и шада... Аристов...пишет, что «телес есть имя племени особого от теле», остатками коего являются ныне теленгиты или телеуты, тогда как телес сохранилось и доныне в том же произношении, в каком оно встречается в орхонских надписях».*[19]

Қазірде Төлестер Алшынның ішінде мына тайпалардың құрамында бар:

Әлімұлы – Шекті- Қабақ -**Төлес,**

Әлімұлы – Қаракесек – Тобыл-**Төлес,**

Әлімұлы – Шөмекей-Аспан- **Төлес.**

---

[18] http://en.wikipedia.org/wiki/Kul_Tigin

[19] Г. Грумм-Гржимайло. Западная Монголия и Урянхайский край. Ленинград, 1926 ж. 2-том. 282-284 бб.

Төлестер Жетірудың ішінде де бар:

Жетіру – Рамадан – Балғалы-**Төлес.**

Сонымен бірге төлестер Қырғыздың, Алтайдың, Тываның құрамында бар. Төлестердің ізі тіпті Грузияда да (Ақысқа түріктерінің арасында) байқалады.

«*Очень много топонимов Грузии, в том числе Ахыске, связано с различными племенами Тюркского каганата. Судя по грузинской топонимике, в VI в. здесь в основном осели племена* ***толос…****Известные в источниках с III в. до н.э., они проживали вначале в Центральной Азии, но постепенно в раннем средневековье часть из них оказалась на Кавказе. И именно в их среде впервые в истории возник в V в. этноним* ***тюрок****(мн.ч.* ***тюркют****), ставшее впоследствии единым именем всех тюркских народов мира. В Ахыске имя племени* ***толос*** *отразилось в названии с. Толош (Аспиндзский район)»,*[20] дейді Әзірбайжан ғалымы, тарих ғылымдарының кандидаты Ариф Юнусов.

**Саят- үрәңқайлар**

Орман елі болған Алшынға Төлестен басқа тағы қандай тайпалар кірген?

19-20ғғ. өмір сүрген орыс ғалымы Г. Грумм-Гржимайло «Моңғолдардың құлия шежіресіндегі» Жошының орман еліне жорығы туралы былай деген:

*«В 1207 году Чингис приказал своему старшему сыну Джучи привести к покорности лесные племена, населявшие страну Баргуджи- токум, т. е.* ***Саяны*** *и северные пределы Хангая».*[21]

Саян тауларын мекендеген орман халықтары саян (сойон) сөзіне моңғол тілінің заңдылығымен көпше түрде «–т» жалғауын жалғау арқылы «Сойот» деп аталған. Нирун моңғолдар оларды кемсітіп «үрәңқай» деген.

**УРАНХАЙ** жыртық, жыртылған, тозған, айрылған; ~ **дээл** жыртық шапан; ~ **ноорхой** жыртық тесік, жемтір-жемтір, алба-жұлба.[22]

Үрәңқайлар өздерін туба немесе тыва деп атайды. Оның себебі олар әуелде Туба өзенінің жағасында тұрған. Содан өсіп-өне келе Саян тауларына тараған.

---

[20] Ахыскинские турки: Дважды депортированный народ. www.ahiska-gazeta.com/ru/pages/316.html

[21] Западная Монголия и Урянхайский край. Ленинград, 1926 ж. 2-том. 415-416 бб.

[22] Б. Базылхан «Монгол-казах толь» Улаанбаатар өлгий. 1984 ж. 513-б.




*«Сами себя урянхайцы (сойоты) называют туба. Туба – это дубо китайцев, племя, в VII нашей эры населявшее Саянское нагорье к западу и востоку от оз. Косогола (Иакинф – «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена, 1,2, стр.439, 447). Там же помещает их и «Юань-чао-ми-ши» (loc. cit., стр. 131). Но, как мы уже видели, тубинцами считают себя и маторы (самоеды), затем также койбалы (Radloff – «Reise durch den Altai», в «Erman's Archiv», XXIII, Heft 2, стр. 271) и карагасы (Катанов – «Письма», стр. 26); тубинцами также называют соседние племена и кумандинцев, как и всех вообще бийских татар; от Улалы, пишет Ядринцев («Об алтайцах и черневых татаров» в «Изв. И.Русск. Геогр. Общ.», 1881, XVII, вып. IV, стр.231) до Телецкого озера находится семь волостей черневых татар туба с особым родовым названием для каждой волости; наконец, среди качинцев имеется род туба – остатки племени того же имени, которое русские в 1629 году застали на р. Тубе и которое вскоре затем выселилось на юг, частью на Саяны, частью на Абакан и Уйбат, где и примкнуло к качинским татарам. Этих данных достаточно, чтобы усомниться в правильности присвоения всеми урянхайцами имени туба. В этом случае мы, может быть, сталкиваемся с явлением, аналогичным тому, которое дают нам алашаньские хошоуты, которые, забыв свое происхождение, называют себя ёлётами («Мэн-гу-ю-му-цзи», стр. 147), т.е. именем, которое им дают китайцы. С урянхайцами могло произойти нечто подобное. Когда в их среду влились тубалары (маторы и другие части самоедского племени), то племенное название этих последних могло передаться и основному ядру урянхайского народа. Во всяком случае, этот народ представляет в настоящее время довольно сложный конгломерат, и антропология сможет выполнить свою задачу,*

*расчленяя его на слагающие его расовые элементы лишь в том случае, если станет придерживаться пути, указанного К.И. Грощенко».* [23]

1914 жылы патшалы Ресейдің протектораттығын қабылдаған Үрәңқай өлкесі 1926 жылдан Тува Халық Республикасы, 1944 жылдан Тува автономиялы облысы, 1961 жылдан Тува АССР-ы, 1993 жылдан Республика Тыва деп аталады.Тываның астанасы Қызыл қаласындағы спорт сарайына үрәңқайдан шыққан даңқты қолбасшы Сүбетейдің аты берілген.



*Сүбетей батыр*

Сойот–үрәңқайлардың орман елі болғаны туралы Рашид әд-Диннің сөзі:

*« Короче говоря, лесных племен -- множество, потому что из одной [племенной] отрасли у одного брата юрт был вблизи леса, а у другого -- на равнине; происшедшие же от них племена получили два имени. Однако [существует] много различий между одним лесным племенем и другим, потому что от леса до леса бывает [расстояние] в месяц пути, в два месяца или в десять дней…*
*Племя лесных урянкатов.*

*Это племя не принадлежит к другим урянкатам:*
*они получили это имя потому, что их юрты были в лесах».*[24]

Ал төлестерге қайта оралатын болсақ, Рашид -әд-Дин төлестерді де, үрәңқайларды да моңғолға кейін қосылған халықтар деп есептейді.

*«Народности, которых в настоящее время называют **монголами**, однако вначале их название не было таковым, потому что это название появилось спустя некоторое время после них. Каждое ответвление этих народов [разделилось] на множество ветвей и каждое [из них] получило определенное название: джалаир, сунит, татар, меркит, курлаут, **тулас**, тумат, булагачин, кэрэмучин, урасут, тамгалык, таргут, ойрат, баргут, кори, теленгут, кесутами, **урянка**, куркан и сукаит».*[25]

[23] Г. Грумм-Гржимайло. Западная Монголия и Урянхайский край. Ленинград, 1926 ж., 3-том. 25-б.
[24] Сборник летописей. 1-том. Ленинград. СССР ҒА баспасы. 1952 ж. 123-б.
[25] Сборник летописей. 1-том. Ленинград. СССР ҒА баспасы. 1952 ж. 77-б.

Орыстың әйгілі этнограф-ғалымы Г. Грумм- Гржимайло өткен ғасырдың басында сойот- үрәңқайлардың рулық құрамын зерттеген.

Олардың арасында Алшындардың

**төлес** (Сайын-ноян қосынында, Жадана, Жакөл, Ұлыкем, Темірсұқ, Арторқалық өзендерінің аңғарында),

**қаракесек** (Ойнар сумынында),

**кете** (Алаш пен Манжүрек өзендерінің бойында),

**адай** (Ақсу өзенінің аңғарында),

**масқар** (Урунгу өзенінің жағасында)

сияқты руларының сақталып қалғанын көреміз. [26]

**Демек, Алшын -- Төлес және Саят-үрәңқай руларынан құралған Орман елі.**

Алшын содан шықты деп отырған саят-үрәңқай тайпаларының құрамында Грумм–Гржимайло бойынша Тама, Табын, Кердері, Керейіт, Телеу, Жағалбайлы, Рамадан рулары кездеспейді.Сондықтан Жетіру тайпасы Алшынға жатпайды, олар кейінірек қосылған деген әңгіменің жаны бар.

## АЛШЫНДАРДЫҢ КӘСІБІ

Орман елі- Алшындар 13 ғасырда Бұқтырма өзенінен Байкал көліне дейінгі (Барғұжы тоқым) аралықтағы Алтай- Саян таулы ормандары мен орманды далаларында мекен етті. Мұнда тау теке, арқар, киік, құлан, қарақұйрық, елік, бұғы, марал,бұлан, қабан, жабайы түйе, аю, сілеусін, ірбіс, қасқыр, түлкі, қоян, тиін, бұлғын,сусар, кәмшат, аққіс, борсық, суыр сияқты жануарлар және кекілік, қырғауыл, қаз-үйрек, ұлар, құр т.с.с. 20 ғасырдың басында небәрі 291 түрлі құс болғанын Г. Грумм-Гржимайло өз еңбегінде атап өтеді. 13 ғасырда аң-құстың саны да, түрі де әлдеқайда көп болғаны түсінікті.

Алшындардың негізгі күн көру кәсібі **аңшылық** болды. Аңшылық тұрақты және маусымды негізде жүргізілді. Тиін аулау қыркүйекте басталса, қазан айында құндыз, желтоқсанда тауешкі, бұлан ауланған. Түлкіні күзден ерте көктемге дейін аулаған. Басқа аңдар жыл бойы, жаздың екі айынан басқа уақытта ауланды. Күз мезгілінде ауланған тұяқты ірі жануарлардың еті, майы қыста күнделікті азық ретінде пайдаланылу үшін

---

[26] Западная монголия и Урянхайский край. Ленинград, 1926 ж. 3-том. 11-19 б.б.

сүрленіп, терісі өңделіп, сырт киім, аяқ киім, түрлі үй бұйымдарын жасауға жұмсалды. Бағалы аң терілері айырбас тауары не **сый-сияпат** ретінде жүрді.Оның бір мысалы, жоғарыда келтірілген «Моңғолдың құпия шежіресінен» үзінді. Онда Қырғыз және Орман елдерінің нояндары Шыңғыс ханға тарту-таралғы ретінде ақбоз ат пен ақсұңқардан басқа қара бұлғын силайды.

Аталмыш шежіреде мынадай да оқиға бар. Әйелі Бөртенің артынан жасау ретінде келген қара бұлғын ішікті Шыңғыс хан керейіттің Тұғырыл Оң ханына сыйға береді. Бұл ішік кейінірек өзінің тарихи рөлін атқарды, Оң хан бұлғын ішік үшін Бөртені меркіттер тұтқынынан азат етуге көмектесті.

*«104-бөлім*

*Солай жасаған соң Темүжін, Қасар, Белгүтей үшеуі Керейдің Тұғырыл Оң ханы Туыл өзенінің Қара Түн деген жерде болғанында барып:*

*«Үш Меркіт аяқ астынан аңдаусызда жетіп келіп бала-шағаны алып кетті. Хан әкей, әйелім мен ұлдарымды құтқарып беріңіз деп келдік» дейді. Ол сөзге Тұғырыл Оң хан былай дейді:*

*«Мен былтыр саған айтпап па едім. Бұлғын тоныңды әкеліп, әкеммен бір заманда анда болған әкемдей қамқорла деп кигізген кезде мен саған*

*«**Қара бұлғын тон үшін**,*

*Қаңғырған еліңді жинап берейін.*

***Бұлғын тон үшін,***

*бытыраған еліңді*

*тұтастырып берейін.*

*Бүйректен сирақ шықпасын,*

*Көкіректен сөз шықпасын»*

*деп айтпап па едім.*

*Енді сол сөзімде тұрып,*

***бұлғын тоның үшін***

*бүкіл Меркітті быт-шыт етіп,*

*Бөрте үжініңді әкеліп берейін мен,*

***қара бұлғын тоның үшін***

*барлық Меркітті талқандап,*

*Бөрте қатұнды қайтарып берейік біз».*[27]

Темүшін дүниеге келгенде үрәңқайдың Жаршытай деген ақсақалы (Шыңғыс ханның даңқты қолбасшысы Сүбетейдің әкесі) сыйлыққа **бұлғын жөргек** алып келеді, ол туралы «Моңғолдардың құпия шежіресінде» мынадай жолдар бар:

*«Содан кейін олар қайтып Бүргі жағасында болғанда Бұрқан Қалдұннан Ұрыйанқайлық кісі Жарчыдай ақсақал көрігін көтеріп, Желме деген ұлын ертіп келіп, «Онон өзені Делуін Болдақ деген жерде болғанда Темүжін туған кезінде* ***бұлғын жөргек*** *берген едім. Сол кезде Желмені бермекші едім, ол жасы кіші болған соң алып кеткен едім.*

*Енді Желмемен*

*Ер тоқымыңды ерттет,*

*Есігіңді түргіз»*

- *деп оны Темүжінге берді».*[28]

Темүшінге атқосшы болған Желме кейін атақты ноянға айналды, кейінірек оған інісі Сүбетей де келіп қосылып, Шыңғыс ханға қызмет етті, Сүбетейдің қолбасшылық атақ-даңқы ағасынан да, басқа моңғол әмірлерінен де асып түсті.

Орман елінің кейбір тайпаларының аттары олардың қандай кәсіппен айналысқанын көрсетеді.

*«Племена* ***булагачин и кэрэмучин****.*
*[Оба] они обитали в пределах [той же*
*местности] Баргуджин-Токум и у самого края*
*страны киргизов. Они близки друг к другу».*[29]

Рашид әд-Дин айтып отырған бұл екі тайпа бұлғын және тиін аулаумен айналысқан.

**БУЛГА I**. бұлғын; **~н малгай** бұлғын тымақ; **~ны арьс** бұлғынның терісі.[30]

---

[27] Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. 1- том. Алматы. «Дайк-Пресс».2005ж. 119-120-бб.

[28] Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. 1- том. Алматы. «Дайк-Пресс».2005ж., 110-б.

[29] Сборник летописей. 1-том. Ленинград. СССР ҒА баспасы. 1952 ж. [122]

[30] Б. Базылхан. Монгол-казах толь. Улаанбаатар өлгий. 1984 ж. 92-б.

**ХЭРЭМ I**. (жәндік) тиін; **~ний хорил** тиіннің қорғағы, тиіннің ұясы; **~ний хонгио** тиіннің ұясы, тиіннің үңгірі; **хар ~ қара тиін; хув ~** құбаң тиін, бурыл тиін.[31]

Жоғарыда Урунгу өзенінің бойын мекендеген Масқарлар туралы Грумм- Гржимайлодан үзінді келтірілген еді. Бұл өзеннің моңғолша атауы да бұлғынға байланысты- Булган-Гол= Бұлғынды өзен.

Саят-үрәңқайлардың Қосоғол көлінің маңында тұратын бір руы Халюш немесе Қалиушын деп аталады[32] - кәмшат аулуаушылар деген сөз, қараңыз:

**ХАЛИУ** 1. (жәндік) қама, қамшат, 2. (тері) қамшат тері; **~малғай** қамшат тымақ; **~зах** қамшат жаға.[33]

Алшын шежіресінің Шекті Тілеуді Едігеден тарқататын вариантында Қалу деген атамыз бар. Тарих зерттеуші Аманбай Құнтөлеуов Қалу туралы былай дейді:

*«Әлқисса, Кіші жүздің 25 рудан тұратын аталығын – 12 ата Байұлы, 7 ата Жетіру және 6 ата Әлім құрайды. Әлімнің бір баласының аты Жаманақ (Шекті аталады- А. Қ.) екені жоғарыда айтылды. Осы арада айта кететін қайшылығы мол бір мәселе бар. Бір шежіреде Шектіден- Шыңғыс, Өріс, Баубек туды десе, екіншісі: Шектіден- Шыңғыс, Өріс, Баубек және Қалу (Мәку) туған дейді. Ал осындағы Қалу Шектінің баласы ма, жоқ па?-дейтін сұраққа жауап іздеп, келесі бір шежіренің авторы, қазақтың әйгілі тарихшысы М. Тынышбаевтың тұжырымдауын қаперге алсақ, ол тумаған болып шығады».*[34]

Қалу есімі де аң-құсқа байланысты. Қазаққа мағынасы түсініксіз бұл сөз қаз дегенді білдіреді:

**ГАЛУУ** қаз, қоңырқаз (құс); **~ны дэгдээхэй** қоңырқаздардың балапаны; **~ шувуу ганганах** қоңырқаздар қаңқылдау; **тэжээмэл ~** асыранды қаз, үй қазы; **зэрлэг ~** жабайы қаз.[35]

---

[31] Базылхан. Монгол-казах толь. Улаанбаатар өлгий. 1984 ж. 662-б.

[32] Г.Грумм-Гржимайло. Западная монголия и Урянхайский край. Ленинград,1926 ж. 3-т. 10- б.

[33] Б. Базылхан. Монгол-казах толь. Улаанбаатар өлгий. 1984 ж. 560-б.

[34] Әл-Құланды А. Қ. Ұранға шыққан Бақтыбай. Алматы, Дәуір, 2010 ж. 85-б.

[35] Б. Базылхан. Монгол-казах толь. Улаанбаатар өлгий. 1984 ж. 118-б.

13 ғасырда Саян тауларының Минусин ойпатын, Енисей бойын мекен етіп Алшындармен аралас-құралас болған қырғыз халқының ішінде де аңшылыққа байланысты ру атаулары баршылық.

Мысалы **Бұғы, Құсшы, Жапалақ, Киік Найман, Бозторғай,**

**Соколок,**

**(СОГОО** марал; **согооны чих** маралдың құлағы.[36])

**Кодогочун**

**(ХӨДӨГ** кэдек, орман кептері (көгершін тәріздес кішкене көгілдір құс)[37] )

рулары.

Қырғыздарда Кесек, Бай кесек, Жоо кесек, Қазақтарда Алшындарда және Арғындарда Қаракесек руы бар. Бұл жерде **кесек** сөзі моңғолша күшіген деген сөз

**ХЭСЭХ II** күшіген (құс).[38]

Қырғыздардың еншілесі хакастарда **Тиін** руы бар.

Алшынның **Таз** руының атауы да құсқа байланысты – моңғолша тазқара деген құсты **тас** деп атайды.

**ТАС I** (құс) таз, тазқара; **~ын булга- ~ын хөөмий** тазқараның жемсауы. [39]

Алшындар бүркіт, сұңқар, қаршыға, сапсаң, бөктергі, ителгі сияқты алушы құстарды баптап өздері алатын аң-құстарға түсуді үйреткен, ол өнер саятшылық деп аталады. **Саятшылық** сөзінің төркіні Саян тауларын мекен еткен Орман елінің атауы- **Саят** (Сойот- Үрәңқай) сөзі екені айтпаса да түсінікті.

Саятшылық өнері ептілікті, төзімділікті талап етеді. Балапан бүркітті құз қиясынан алып, баулып, бабына келтіріп аңға салғанша бірнеше жыл кетеді. Құстың құндақ, тұғыр, томаға сияқты әбзел-жарақтарын әзірлеу өзінше бір өнер.

*«Наши умелые и воинственные предки создали универсальные правила работы с птицей и различные атрибуты в виде колпака на птичью голову, специального устройства для ношения ее на руке и другие. Все они используются и сегодня. За многие столетия к правилам охоты с ловчей птицей, по сути ничего не добавилось- настолько совершенными они были*

---

[36] Б. Базылхан. Монгол-казах толь.Улаанбаатар өлгий, 1984 ж. 415-б.
[37] Сонда, 605-б.
[38] Сонда, 663-б.
[39] Сонда, 453-б.

*изначально... Любопытно, что казахские ханы во время охоты использовали исключительно аксункара (белого сокола), почитая его аристократической птицей».*

дейді ғалым Нәпіл Базылхан «От двуглавого орла до аристократического аксункара» деген мақаласында [40]



*Жартасқа салынған сурет*[41]

Қазақ хандарының аңға ақсұңқар салуы Шыңғыс хан дәуірінен бұрынырақ бастау алған үрдіс болса керек. Орман елімен қырғыз нояндары жоғарыда айтылғандай, Шыңғыс ханға тарту ретінде ақбоз ат, қара бұлғынмен қатар ақсұңқар сыйлағаны соның дәлелі. Шыңғыс ханның немересі Күйік хан 500 ақсұңқармен саятшылық құратынына әйгілі жиһангез Марко Поло куә болған. Шыңғыс хан өзі де сұңқар салып, аңға шығып отырған.

Алайда, Шыңғыс хан аңға тек сән- салтанат құру мақсатында шықпаған. Оның аңшылықты мемлекет деңгейіне көтергені, әскерінің жорықтарға әзірлігін сынау үшін және шынығып-шыңдалуын арттыру үшін жоспарлы түрде аңшылық ұйымдастырып отырғаны тарихтан белгілі:

*«Ловитву Чингис Хан строго содержал, говорил, что-де лов зверей подобает военачальникам: тем, кто носит оружие и в боях бьется, надлежит ему обучаться и упражняться (дабы знать) когда охотники доспеют дичь, как вести охоту, как строиться, и как окружать дичь, по числу людей глядя. Когда соберутся на охоту, пусть высылают людей на дозор и осведомляются о роде и числе дичи. Когда не заняты военным делом, пусть непременно ревнуют об охоте и войско к тому приучают.*

*Цель не только сама охота, а больше то, чтобы воины приобвыкали и закалялись, и осваивались со стрелометанием и упражнением»*[42]

---

[40] (www.centrasia.ru/newsA.php?st=1364645820)

[41] Сонда

[42] (Ала ад-Дин ата-Мелик Джувейни. История завоевателя мира- Тарих-и джахангуша. О порядках заведенных Чингис ханом после его появления, и о ясах, кои он повелел. пер. В. Ф. Минорского. О составе Великой Ясы Чингис Хана. Вернадский Г.В. Исследования и материалы по истории России и Востока. вып. 1.Брюссель,1939 ж.)

Бұл тұрғыдан қарағанда жастайынан басын қауіп-қатерге тігіп, түз тағысын аулап, әдіс-айласын, мергендігін шыңдап өскен алшындар Жошы ханның қол астына өткен 13-ғасырда соғыс әрекеттеріне дайын жауынгерлер еді.

Алшындардың кейінгі елі Ноғайлының жырларында Қамбар батырдың аңшы болуы, Ер Тарғынның әкесі Естеректің аңшы болуы, ер Едігенің бабасының есімі Аңшыбай батыр болуы сол дәуірде аңшылық пен батырлық бір-біріне жақын ұғымдар болғанының айғағы.

*«В Алтайско-Саянских горах с доисторических времен жили люди, а бурная история Великой степи издревле перемешивала ее народности в этнические группы... В борьбе за существование, в опасных переправах через бурные реки и высокие перевалы, в охоте на медведей и козерогов формировался особый тип азиатского горца- это были смелые до отчаянности люди, физически крепкие, умеющие владеть оружием и легко переносящие жару и холод. И в самом центре этой страны из разноплеменных элементов сложилась с незапамятных времен не слишком многочисленные, но стойкие и сильные племена.»*[43]

Сонымен, **Алшындар-** 13 ғасырда Байкал көлінен батысқа қарайғы тайгада- Саян, Алтай тауларынан бастау алатын Енисей, Обь, Ертіс өзендерінің және олардың бассейніндегі Тұба, Алаш, Адай, Беріш, Шеркеш, Таз, Кеті, Әлім, Шекті, Тобыл т.с.с. өзендердің бойында, Төлес көлінің жағасында өмір сүріп, Бай тайга, Қабақ тайга, Кесек тайга, Қынық тайга сияқты таулы тайгаларда, Сақал тауында **аңшылықты кәсіп еткен саят-үрәңқайлар мен төлестер.** Келесі беттегі картада XIII ғасырдағы Алшын рулары мен тайпалары осы аталған топонимдердің географиялық координаттарына сәйкес орналастырылған. Ол топонимдердің ірі масштабтағы карталарын келесі тарауларда келтіреміз.

[43] В. А. Чивилихин.Память. Москва, Алгоритм, 2007 ж. 88-б.




1207 жылғы орман елі-Алшындар картасы

## АЛШЫН, АЛАШ СӨЗДЕРІ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ

Алшын атауының түп-төркінін іздеумен алшынды «алаша», «ала+ат+шын», «лашын» т.с.с. қазақ сөздеріне тірейтін әуесқойларды былай қойғанда, саясаттанушылар да, мүйізі қарағайдай тарихшы ғалымдар да айналысуда.

Қауымдастылық генетикамен машықтанып жүрген PhD, саясаттанушы Жақсылық Сәбитов *«Согласно Рашид ад-Дину, алшины - это другое название алчи-татар, которые занимали в Золотой Орде статусные позиции».* [44] деп Рашид әд-Динге айтпағанын айтқызып, алшындарды татарлардан тарқатып жіберді.

Ал тарих ғылымының докторы, профессор Т. О. Омарбеков түркіттердің мемлекетін құрған Ашина туралы аңыз бен Сарыүйсіннің баласы Қалша Қадыр туралы аңыздың арасындағы ұқсастықтарды саралап, түркіттердің ашын (ашина) руының аты алшын атауына сатылап өзгерген дей тұра, былай дейді:*«Кейінгі қазақ Кіші жүзінің түп аталарының ежелгі Алтай- Саян өңірінде Алақшындармен аралас-құралас болып көшіп-қонып жүргендерін біз теріске шығармаймыз... Әсіресе біз үшін алакчиндерді, боманы Кіші жүздегі тайпалардың жинақы аты алшынмен туыстастыру аса маңызды».* [45]

Г. Грумм-Гржимайло «Западная Монголия и Урянхайский край» деген еңбегінде XV ғасырда Шыңғысханның Жошы-Шайбан тармағынан тараған Әбілхайыр ханның ұлысына біріккен рулардың атын алачин (қазақша «алашын» болып оқылуы керек- С.Д.) деп атайды.[46] Бұл ғалым осы еңбегінің 415 бетінде татарлардың алшы-татар деген руын «аньци-татар» деп жазған.

Орыстың екінші бір ғалымы В. В. Радлов 1869 жылы Сібірге барған экспедициясында Кузнецк Алатауының таулы ормандарындағы алты болыс бұратана халықтардың ішінде 296 ер, 322 әйел адамнан тұратын ачын деген ел бар екенін айтады. [47]

*«По реке Чулым и западнее до р. Томи, в районах, включающих в себя вышеуказанные р. Берш, оз. Берчи-куль, Буришские скалы, р. Алчедат,-*

---

[44] Этногенез казахов с точки зрения популяционной генетики The Russian Journal of Genetic Genealogy (Орыс нұсқасы) 5-т, №1, 2013 ж.33-б.

[45] Алшын атауының мәні мен мазмұны. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ХАБАРШЫСЫ. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. №4 (27), 2010 ж.18-б., №1(28) 2011ж.8-11бб.

[46] Г.Грумм-Гржимайло. Западная Монголия и Урянхайский край. 2-т. Ленинград, 1926 ж. 531,534- бб.

[47] В.В.Радлов. Из Сибири. Страницы дневника. Москва,1989ж. 94- б.

*проживает тюркское племя Қызыл, в составе которого имеются роды большой ачин и малый ачин; отсюда получил название и город Ачинск… Если в слове «Алчедат» выбросить окончание множественного числа «т», получится «Алчед», что также близко к нашему «алшын»*- дейді Мұхамеджан Тынышпаев.[48]

Ал Шәкәрім қажы *«Бұрынғы кезде Алақшын деген ел болған, қытайша Пома дейді. Енисейде жүрген қырғызбен нәсілдес. Алшын содан шыққан болар»* деп ұйғарған.

Алшын сөзі қайдан шыққанын білу үшін ол сөздің нені білдіретінін анықтау керек. Бір қарағанда «алшын» сөзі қазақ сөзі сияқты, бірақ олай емес. Қазақ тілінде ондай сөздер баршылық, оны біз күнде қолданамыз, бірақ этимологиясын қазбаламаймыз. Мысалы ыдыс-аяқ, бала-шаға, абысын-ажын сияқты қос сөздердегі «аяқ» деген не? Дене мүшесінің ыдысқа қандай қатысы бар? Бала-шағадағы «шаға» деген не? Қазақ тілінде «қызыл шақа», «шақалақ» деген сөздер бар, олардың шағаға қандай қатысы бар, т с.с.

Бұл сөздер моңғол тілінен келген сөздер. Ыдыс-аяқтағы «аяқ» моңғолшадан аударғанда ыдысты білдіреді. Бала-шағадағы «шаға» баланы білдіреді, ал «ажын» абысын деген сөз.

13 ғасырда Алшындар (Саят-үрәңқайлар) моңғол тілінде сөйледі. Оның дәлелі ретінде алшындар көбірек тұратын Қазақстанның батыс өңірінде қазір де қолданылатын моңғол сөздерін келтіруге болады, мысалы, «нән» (тым, өте, әбден), «ежіге» (қызыл ірімшік ),«малақай» (тымақ, құлақшын), «биялай» (қолғап)[49]. («Биялай» сөзін батысқазақстандықтар жалпы қолғап ретінде қолданса, қазақ саятшылары үшін бұл сөз қыран құсты қолына қондырарда киетін арнайы былғары қолғапты білдіреді).

**Алшын сөзі моңғолдың «алығшын»- аңшы[50] деген сөзінен шыққан**. Аңшы моңғол тілінде **«аншын»**[51] деп те, **«алығшы»**[52] деп те айтыла береді.

---

[48] М.Тынышпаев.Материалы к истории киргиз-казакского народа.Ташкент,1925 ж.21-б.
[49] Б. Базылхан. Монгол-казах толь. Улаанбаатар өлгий, 1984 ж. 109,296,354,788- бб.
[50] Б. Базылхан. Монгол-казах толь. Улаанбаатар өлгий, 1984 ж. 28-б.
[51] Сонда
[52] Сонда

«**Алаш**» ұранын алшындар Алтайдан алып келді, XIV ғасырда ол әлі жалпықазақтық ұран болған жоқ, ол сөздің мағынасы моңғолшадан аударғанда «өлтіруші» дегенді білдіреді дейді Мұхамеджан Тынышпаев [53]

Расында да «**алаш**» сөзінің екінші мағынасы «өлтіргіш, қырғыш», алайда бірінші мағынасы-«**аңшы**» екенін моңғол-қазақ сөздігінен көруге болады:[54]

**АЛААЧ** 1. аңшы; 2. өлтіргіш, қырғыш.

Кәсібі аңшы Алшындардың ұраны да «Алаш» (аңшы) болуы - заңдылық.

Сонымен,

**Алшын= алығшын= аншын=алығшы= алаш= аңшы**

**Алшы-татар*= аньци-татар= аңшы-татар**

**Алшы-татар жөнінде қысқаша түсініктеме. Рашид әд-Диннің айтуы бойынша татарлар алтыға бөлінеді: тұтықұлиуыт-татар, алшы-татар, шаған-татар, құйын-татар, терат-татар, барқұй-татар. Татарлардың аңшылықты кәсіп қылған тайпасы алшы-татар деп аталған, олардың алшындарға еш қатысы жоқ. Батудың тұсында басшы болған алшы-татар Ит-қараның есімі де аң-құсқа байланысты —моңғолшадан аударғанда «ұзақ қарға» деген сөз.*

## АЛШЫНДАР 1207 ЖЫЛДАН КЕЙІН

Алшындар («Орман елі») жоғарыда «Моңғолдардың құпия шежіресінен» келтірілген үзіндіде айтылғандай, 1207 қоян жылы Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының қол астына өтті.

*«Шыңғыс қаған жарлық етіп анаға, ұлдарға,інілерге ел бөліп берейін деп өзінің ұлыс жинап қиналғандар*

*анам еді ғой,*

*ұлдарымның ағасы Жошы еді ғой,*

*інілерімнің кенжесі Отчығын еді ғой*

*деп шешесіне Отчығынның үлесі түмен ел берді. Шешесі азсынып үн қатпады.*

***Жошыға тоғыз мыңдық ел берді.***

---

[53] М.Тынышпаев. Материалы к истории киргиз-казакского народа, Ташкент, 1925 ж. 53-54 бб.

[54] Б. Базылхан. Монгол-казах толь. Улаанбаатар өлгий, 1984 ж. 27- б.

*Шағатайға сегіз мыңдық ел берді.*

*Өгедейге бес мыңдық ел берді.*

*Тұлұйға бес мыңдық ел берді.*

*Қасарға төрт мыңдық ел берді.*

*Алчытайға екі мыңдық ел берді.*

*Белгүтейге бір мыңдық ел берді».*[55]

Сонымен, Алшындардың (саят-үрәңқайлардың) бұдан былайғы тағдыр-талайы Жошы ханның және оның қолбасшылары мен ізбасарларының іс-қимылына тығыз байланысты болды.

1211 жылы Жошы бауырлары Шағатай, Үгедеймен бірге Ұлы Қытай қорғанының солтүстігіндегі Шаньси провинциясын жаулауға қатысты.

1216 жылы Жошы Сүбетеймен бірге Дешті Қыпшақ жаққа қарай терең рейд жасап, алдыңғы жылдары Шыңғыс ханнан жеңіліс тауып, қашып жүрген меркіттердің қалдықтарын Ырғыз өзенінің бойында талқандағаны, сол маңда 60 мыңдық хорезмшах Мұхамедтің әскерімен кездесіп қалып ымырт жабылғанша соғысқаны тарихтан белгілі. Бәлкім осы шайқастарда саят-үрәңқайлар алғаш рет Алшын туының астына бірігіп, өздерінің руласы әрі қолбасшысы Сүбетейдің соңынан «алаш» деп ұрандатып жауға шапқан болар...

1219 жылы Орта Азия жорығы басталды. Жошы әкесінің тапсырмасымен Сыр бойындағы Сығнақ, Баршынкент, Жент қалаларын бағындырды.

1645-1663 жылдары Хиуаны билеген Әбілғазы Баһадүр ханның шежіресі осы және осыдан кейінгі оқиғаларды қысқаша баяндайды.

*«Когда Чингиз-хан пошел [войною] на Иран и Туран, государем этих стран был Султан Мухаммед-хорезмшах. Столицей его был Ургенч. Не будучи в состоянии сразиться с Чингис-ханом, он бежал и направился в Мазендеран. Чингис-хан захватив Бухару, Самарканд и Ташкент, послал на Ирак, Гилян, Мазендеран, Азербайджан и Гюрджестан (Грузия) тридцать тысяч человек во главе с двумя своими беками по имени Джебе-нойон и Субетай-бахадур. Своего младшего сына Тули-хана он послал на Хорасан с пятидесятью тысяч человек. Своего старшего сына Джучи-хана, своего второго сына Чагатай-хана, своего третьего сына Угедей-хана, всех*

[55] Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. 1-т. Алматы, Дайк-Пресс, 2005ж.301-б.

*троих с восемьюдесятью тысячами человек он послал на Ургенч, потому что он был столицей Султана Мухаммеда-хорезмшаха и местом, где жили нукеры и [хранилась] казна. [В то время] в Ургенче хорезмшаха не было.Султаны (сыновья хорезмшаха), укрывшись в городе из-за мирских благ и ради своей веры, восемь месяцев сражались [с моголами]. На девятый месяц сыновья Чингис-хана взяли город и предали жителей поголовному избиению. Чагатай и Угедей повернули и направились к своему отцу в Термез, а Джучи с приданными ему нукерами из Ургенча пошел в Дет-и кыпчак. Кыпчакский народ собрался. И произошла битва. Джучи хан победил и перебил [всех] попавших [ему] в руки кыпчаков; те из них, которые спаслись, ушли к иштякам…Кыпчаки обитавшие между Итилем и Тином, рассеялись на [все] четыре стороны… Джучи хан взяв в плен [всю]кыпчакскую молодежь, поселился в кыпчакском юрте. Из могольской [страны] он переселил сюда свою семью и все или, которые дал [ему] отец... Затем Джучи-хан умер; [его] юрт достался его сыну Саин-хану. Двадцать четыре человека из потомков Джучи-хана царствовали в этом юрте. В его [Саин-хана] время этот юрт называли Саин-хановым юртом. Потом этот юрт достался Мангытам. Первым из них был Идукибий, из рода Ак-Мангыт, сын Кутлы-Кайалы. После этого [юрт этот] называли Мангытовым юртом».*[56]

Бұл шығармадан Алшындарға қатысты бірнеше кезеңдерді байқауға болады.

Біріншісі, Жошының қыпшақтарды жеңіп, отбасын және әкесі берген елдерді Қыпшақ даласына көшіріп келуі. Олардың қайда көшіп келгені туралы шежіреші айтпайды, бірақ басқа тарихшылар Жошы Ертіс өзенінің жағасына көшіп келді дейді. Әкесі берген 9 мың елдің ішінде орман елі-алшындар болуы кәміл.

Екіншісі, 1227 жылы Жошы қайтыс болғаннан кейінгі оның жұртының – (оның ішінде алшындардың да) тағдыры. Жошы жұрты оның үлкен ұлы Батуға тиді. (Әбілғазының шежіресіндегі Сайын-хан - осы Бату. Сайын – моңғолшадан аударғанда жақсы, ұнамды, жайлы дегенді білдіреді.) Бату 1236-1242 жылдары Батысқа жорық жасап, елін- жерін кеңейтіп, Еділдің бойынан Сарай салдырды. Алтын Орда деп аталған осы мемлекет 15 ғасырда Қасым хандығы, Астархан хандығы, Өзбек хандығы, Қазақ хандығы, Қырым хандығы, Бұхара хандығы, Хорезм хандығы сияқты хандықтарға бөлініп кетті. Алшындардың азғана бөлігі сол бөлініп шыққан жұртпен кетті , негізгі бөлігі Жошының шөбересінің есімімен аталған Ноғай

---

[56] А.Н.Кононов. Родословная туркмен. Сочинения Абу-л-Гази (Бахадур-хана) хана хивинского . Москва, 1958. 44-45 бб.

Ордасының құрамында қалды, оны моңғолдың маңғыт руынан шыққан Едіге және оның ұрпақтары Ноғай Ордасы ыдырағанға дейін биледі.

## АЛШЫН РУЛАРЫНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Кезінде қазақтан шыққан тұңғыш инженер-теміржолшы, қоғам қайраткері, тарихшы Мұхамеджан Тынышпаев өзінің география, топография, геодезия саласындағы кәсіби білімін пайдаланып, *«Қазақтың ең ұсақ рулары тарихының өзі милади жыл санауынан ары кететіндіктен, алаштың ең ірі тайпасы - алшындардың тарихы да ғасырлар қойнауына ұласуға тиіс. Ендеше оның іздерін географиялық атаулар мен тарихи деректерден іздестіріп көрейік»,*[57] деп Алшын руларының этимологиясын Таулы Алтай топонимдерімен байланыстырған еді. Қазір құпия болмай қалған Кеңес Армиясының Генштабының ірі масштабтағы әскери-топографиялық карталарын пайдаланып, Алтай – Саян аймағының әрбір шаршы метрінен сол іздерді іздегенде бұл ғұлама ғалымның бір ғасырға жуық уақыт бұрын бізге берген бағыт-бағдарының дәлдігіне тәнті боласың.

### Әлім

Жоғарыда Жақсылық Сәбитов қазақ Алшындары 14-ғасырда өмір сүрген Алау батырдан тарайды деп есептейді дедік. Жақсылық негізге алып отырған Т.Үсенбаевтің «Алшын шежіресі» бойынша Әлім- Алау батырдың бесінші ұрпағы болып келеді. Әлім шежіре бойынша Қаракесектің ұлы, Кәдірқожаның немересі, Ақкожаның шөбересі, Қыдуардың шөпшегі, Алау батырдың неменесі, 3 әйелі болған, інісінің аты- Шөмен.

Ал М. Тынышпаев болса, Әлім атауы қандай да бір қожаның немесе діни пірдің құрметіне қойылған сияқты дейді.[58]

Шындығына келсек, Әлім- адамның аты емес. Әлім (Әлімұлы)- Қазақ хандығының құрамында Шекті, Шөмекей, Қаракесек, Қарасақал, Төртқара, Кете руларын біріктірген тайпаның аты.

Әлім атауы Саяндағы Арқарлы тайгасының тау жоталарынан бастау алатын Әлім өзеніне байланысты. Әлім Енисей өзенінің бассейніне жатады, ұзындығы 155 км Бөдий өзеніне (Лас өзен) құяды, ол өз кезегінде 325 км-лік Қамсарыға құяды, Балқаш-Кем, Саз-Кем деген салалары бар, 35-беттегі картаны қараңыз. Жошының Қоян жылғы (1207 ж.) мобилизациясына дейін

---

57 М. Тынышпаев. Материалы к истории киргиз-казакского народа. Ташкент. 1925 ж. 20-б.

58 Сонда, 24-б.

осы өзеннің жағасында өсетін жабайы алмамен азықтанып, Арқарлы тайгасында арқар аулап, аңшылықпен айналысып жүрген халық **әлімдер** деп аталған. Әлім- моңғол тілінде алманы білдіреді.[59] Қазіргі заманда ол өзен Алмалы болып аталар еді.

**АЛИМ** алма; **~ ны мод** алма ағашы.

Моңғол алфавитінде де кирилл әріптері қолданылғаныменен олардың дыбысты бейнелеу жүйесі қазақшадан өзгешелеу.

Моңғол фонетикасы бойынша «*ж, ч, ш үшеуінен басқа дауыссыздан кейін келген «и»-дің алдыңғы шеніндегі «а» дыбысы қазақ тіліндегі «ә» болып айтылады.*

*Мысалы:*

*барих- бәрің* *тарих- тәрің*

*харих- хәрің* ***алим- әлім»***[60]

[59] Б. Базылхан. Монгол-казах толь. Улаанбаатар өлгий, 1984 ж. 31-32 бб.
[60] Сонда, 809-б.




## Шекті

Шекті атауын шежірешілер негізінен таңбамен байланыстырады. «Алшын шежіресінен»[61] алынған Әлімнің ұлы Жаманақ жылқысына қос шек таңбасын салып, содан Шекті атаныпты дейтін әңгіме қазір ғаламторда сайттан- сайтқа, мақаладан- мақалаға көшіп жүр. Ол тұжырым негізсіз екенін дәлелдеп көрейін. Біріншіден, Шектінің таңбасы қос шек емес, қос

[61] Теңізбай Үсенбаев. Алшын шежіресі. Қызылорда, Тұмар, 2003 ж. 96-б.

шек дегенде әңгіме домбыраның шегі (малдың ішегінен жасалған) туралы болса, таңбамыз 2 параллель сызық болуы керек. Ондай таңба бар, бірақ ол шектінікі емес, қыпшақтікі. Егер әңгіме Х таңбасы туралы болса, ондай таңба шектіде жоқ, ол ашамай таңба- ашамайлы керейдікі. Менің ағам Меркебай Тағыбергенов (1936-2014) біздің таңбамыз – адалбақан, ұранымыз- Бақтыбай дейтін.

Тарихшы ағамыз Аманбай Құнтөлеуов Шектінің ұраны Бақтыбай батыр туралы еңбегінің мұқабасында Шектінің таңбасы ретінде




адалбақанды бейнелеген:

*«Адалбақан - киім, қамшы, ат әбзелдерін, кейде тұтқалы ыдыс-аяқ ілетін бұтақтары бар, ағаштан жонып, немесе темірден ілгіш салынатын, күміс құймалармен әшекейленетінкөбінесе бұталы арша ағашынан кесіп жасалынатын бақан түрі»*[62]

Ал шын мәнінде Шекті атауы өзенге байланысты. Алтайдың Оңтүстік Чүй жотасынан, теңіз деңгейінен 3262 метр биіктіктен 87̊ 23’ ш.б. бастау алатын Шекті деген өзен бар. Шекті Арғыт өзенінің Жасадыр саласына келіп құяды,келесі картаны қараңыз.

---

[62] (Уикипедия, Қазақша Ашық Энциклопедия) http://kk.wikipedia.org/wiki/Бақан




Алдында келтірілген «Моңғолдардың құпия шежіресінен» үзіндіде «*Бажықыттан бергі орман ел-жұртын Жошы бағындырып...*»деген жолдар бар. Мұндағы Бажықыт дегеніміз, Арғыт өзенінің Ақ алақа деген саласына құятын тау өзені, картада- Байжигит. Бұл өзеннің бастаулары мына төменгі картада көрсетілгендей, Шектіден батысқа қарай 50км жерде жатыр.



Демек, Жошының «аннексиялау аймағының» шеті- шектілердің территориясының батыс шекарасы. Арғыт өзені ол зонадан шығысырақта болғандықтан, ол өзенді бойлай мекендеген Арғын тайпасы Жошының жасақтарымен кездеспеген. Арғындар моңғолдардың 1207 жылғы бұл жорығынан хабардар болып, тез арада батысқа үдере көшкен сияқты. Бұл ой Мұхаметжан Тынышпаевтың *«Аристов замечает, что аргыны во времена Чингисхана поддались на запад впереди найманов и кереев; в отношении факта передвижения именно в таком порядке замечание Аристова верно, но передвижение аргынов произошло без сомнения до Чингис-хана»*[63] деген тұжырымымен үйлеседі. Ал шектілерге келер болсақ, олардың арғындармен шекаралас бір бөлігі арғындарға ілескен сияқты. Таңбаларына қарай жоғары және төменгі болып бөлінетін осы шектілер «тоқал арғын» деген атпен белгілі.

Алшынның рулары арғынның Қуандық бөлімінде де бар, олар **беріш** пен **ағыс.** *«На территории Акмолинского уезда расселился в основном род куандык из племени аргын с его отделениями: алтай, карпык, **берш**, темеш, **агыс**, калкаман; северо- восточную часть уезда (по р. Сленты) заняли канжигали, часть рода, расселившегося в Павлодарском уезде; на северо-западе расселился род караул племени аргын, а в северной части- род курсары племени керей».*[64]

Бұл жерде айтылып отырған берішті Шәкәрім қажы **Беруші** [65] деп таркатса, саясаттанушы Жақсылық Сәбитов өзі құрастырған шежіреде **Борши** деп келтіреді[66]

Ал енді мұндағы екінші руға келетін болсақ, «Алшын шежіресінде» Ағыс былай тарқатылады: Алшын-Алау батыр-Қыдуар-Аққожа-Кәдірқожа-Қаракесек-Әлім-Жаманақ-Шыңғыс- Жақайым- **Ағыс.**[67]

Бұл шежіредегі әртүрлі қожалар мен ертеги кейіперлерді қаперімізге алмасақ, Ағыс Алшынның руы екені түсінікті. Ал енді Арғын тайпасы Арғыт өзенінің бассейнін мекендегеніне келесі карта дәлел бола алады.

---

[63] М.Тынышпаев. Материалы к истории киргиз-казакского народа. Ташкент. 1925 ж.7-б

[64] В.В. Востров, М.С.Мұқанов.Родоплеменной состав и расселение казахов. Алма-Ата, Наука, 1968 ж.186-б.

[65] Шәкәрім Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі.WikiBilim.Кітап http://kitap.kz/book/5338-turik_qyrhyz_qazaq_am_xandar_shezhres/

[66] Ж.Сабитов. Происхождение аргын и маджар. The Russian Journal of Genetic Genealogy (Орысша нұсқа)1-том , №1, 2009 жыл,41-бет

[67] Теңізбай Үсенбаев. Алшын шежіресі, Қызылорда,Тұмар,2003 ж.97-98 бб.




Картадан Шегенді өзені, оның Ақбұлақ өзеніне құятыны, Ақбұлақтың Көксуға құятыны, Көксудің Арғұтқа құятыны көрініп тұр. Егер Арғын тайпасының Шегендік руы осы Шегенді өзеннің жағасын жайлаған болса, Арғын атауының Арғытқа байланысты болуы заңды.

Шектілер кейбір  Алшын шежірелері бойынша Өріс, Жақайым, Баубек, Бөлек боп бөлінеді.

Өрістен- Айдарбек, Есеналы.

Жақайымнан- Ағыс, Көгіс, Ақбура, Тоқбура.

Баубектен- Темірбақты, Жанқылыш.

Бөлектен- Айт, Бұжыр.

Айттан- Тілеу, Қабақ.

## Қабақ

*«Қариялардың деректеріне қарағанда, Қабақ пен Тілеу аталарымыз жоғарыдағыдай батырлықтарымен қоса өз заманында ел басқаруға араласып, билікті өте сауатты жүргізген. Олардың ел билігіне араласу кезеңдері атақты Жалаңтөс баһадүрдің бүкіл Орта Азияны басқарып тұрған кезіне сәйкес келеді. Батыр өзінің дәуірі жүріп тұрған кезінде Әйтекенің атасы Ақшаны Қоқанға хан сайлап, шөмекейден Айтқұлды би етіп, ал Қабақ атамызды Ташкенттің бегі етіп тағайындаған»( «Бабалар рухы». Оразбай Әділбаев, зейнеткер, Шалқар ауданының құрметті азаматы. Ақтөбе облысы.)*

Шалқар өңірінде Оразбай ағамыз сияқты ақсақалдардан Тілеу мен Қабақтың батырлығы мен билігі туралы осындай әртүрлі әңгімелерді естуге болады.

Дей тұрғанмен де, Қабақ- кісі есімі емес. Қабақ атауы Төлес көлінен оңтүстікке қарай 80 км жерден басталатын Қабақ тайгасымен байланысты.

Моңғолша таулы орманды тайга деп айтатынын жоғарыда келтірдік. Қабақ тайгасы теңіз деңгейінен 2000-2500 м биіктікте орналасқан, Кіші Ұлаған, Атыркол өзендерімен шектеседі, келесі беттегі картаны қараңыз.Ұлаған деп моңғолша қызылқат жемісін айтады,[68]ал Атырголдың мағынасы- тың өзен[69]. Жошының Қоян жылғы (1207 ж.) әскери мобилизациясына дейін осы Ұлаған өзенінің жағасында өсетін қызылқатпен коректеніп, Қабақ тайгасында аң аулап жүрген халық Қабақ деп аталған. (Қабақ- моңғолша да қабақ, жар, жарқабақ дегенді білдіреді).

Алшындар XVI ғасырда Ноғай Ордасында болды дедік. Ноғай Ордасының биі, Едігенің шөпшегі Сейд Ахмет (Сейдақ) 1540 жылдары бауыры Шейх-Мамайдың қысымына шыдамай билігін, елін тастап Хорезмге (Хиуаға) көшіп кетеді. Ол туралы тарихшы Аманбай әл-Құланды былай дейді:

*«Ноғай Ордасының сыртқы жағдайы кәмелденгенмен, оның ішкі жағдайы көңілге қонымды емес-ті. Аяқ астынан әлеуетті Сейдақ би ноғайлардың тізгінен айрылып, өзіне қарасты жұртымен Хорезмге қоныс аударды... Тарихи деректер Сейдақпен бірге Хорезмге 30 мың ел көшті дегенді келтіреді (106,154)»*[70]

---

[68] Б. Базылхан. Монгол-казах толь. Улаанбаатар өлгий. 1984 ж.505- б.
[69] Сонда, 51-бет
[70] Едіге би және Ноғай Ордасы. Алматы, Дәуір, 2013 ж. 298-299 бб.




Осы Хорезмге (Хиуаға) көшкен түрлі рулардың ішінде қабақ руы да болды. Бұл рулар болашақ қарақалпақ халқының негізін қалады. Хиуа жерінде Әмудің Аралға құяр сағасындағы (қазіргі Қарақалпақстанның және Түрікменстанның территориясында) Қоңырат, Қытай, Қыпшақ, Маңғыт, **Қабақлы** қалалары сол рулардың тарихын еске салғандай. Қабақлы сөзінің мағынасы «Қабақтан шыққан» дегенді білдіретіні түсінікті болса керек. Тарихта Қабақтан шыққан хан да болған, ол қысқа уақыт болса да, Хиуаны билеген.

*«И после де того приехали в Хиву гурленцы и аралцы тысяч с пять, а с собою привезли **Кабаклы** хана и в Хиву вошли с многим боем силно, и учинили Кабаклы владелцом. И тот де **Кабаклы** хан Арал хановых детей обеих велел удавить до смерти. И после того приехал из Каракалпаков каракалпацкой Тобурчюк салтан, с ним человек со сто, и дошед до Хивы в близости, остановился, И **Кабаклы** хан выехал из Хивы, того Тобурчук салтана встретил, и, зазвав его в Хиву в город, говорил, чтоб ему, Тобурчюк салтану, быть владельцом близ Хивы в городе Ургенех. И жил в Хиве Тубурчюк салтан дня с два. И **Кабаклы** хан к Тобурчюк салтану пришел ночью на постоялый двор, и его и многих людей его убили до смерти.*

*И после де того, в нынешнем в 204 году, в октябре месяце собрався в хивинский город лутчие люди аталыки, и **Кабаклы** хан в то время ехал из костелы, и аталыки де его остановя на улице, говорили с великим криком, что де он всеми ими смутил и салтанов перевел, и оттого де у них*

*учинилась меж собою сеча и глад. И в том же месте его убили до смерти».*[71]

Бұл материалды мына бір электронды ресурстен алынған ақпарат та растайды:

*«Хиуа хандарының тізімі:*

*Ильбарс-хан I ( -1511-1525)*
*Султан Ходжа-хан I ( -1525-1527)*
*Хасан Кулы-хан I ( -1527-1530)*
*Суфьян-хан I ( -1530-1531)*
*Буджунга-хан I ( -1531-1533)*
*Аванак-хан I ( -1533-1534)*
*Кол-хан I ( -1534-1540)*
*Агатай-хан I ( -1540-1546)*
*Дост-хан I ( -1546-1558)*
*Ходжа Мухаммед-хан I ( -1558-1603)*
*Араб Мухаммед-хан I ( -1603-1622)*
*Ильбарс-хан II ( -1622-1623)*
*Исфандияр-хан I ибн Араб Мухаммед ( -1623-1642)*
*Саид Мухаммед-хан I ( -1642-1643)*
*Надир Мухаммед-хан I ( -1643-1645)*
*Абдул Гази-хан I ибн Араб Мухаммед (24.VIII.1603-1645-1663)*
*Ануша-хан I ( -1663-1686)*
*Худайда-хан I ( -1686-1689)*
*Эренг-хан I ( -1689-1694)*
*Джучи-хан I ( -1694-1695)*
***Кабаклы-хан I ( -1695-1695)***
*Кулы Мухаммед-хан I ( -1695-1697)*
*Шах Нияз-хан I ( -1697-1701)*

*Муса-хан I ( -1701-1703)*
*Араб Мухаммед-хан II ( -1703-1703)*
*Ходжа Мухаммед-хан II ( -1703-1714)*
*Эдигер-хан I ( -1714-1714)*
*Эренг-хан II ( -1714-1715)*
*Шир Гази-хан I ( -1715-1728)*
*Ильбарс-хан III ( -1728-1741)*
*Абу Мухаммед-хан I ( -1741-1742)*

---

[71] Посольские материалы Русского государства. История Казахстана в русских источниках. Алматы, Дайк-Пресс, 2005 ж. 422-б.

*Абдул Гази-хан II ( -1742-1745)*
*Гарип-хан I ( -1745-1750) Бану Гарип*
*Абдалла Карабай-хан I ( -1750-1753)*
*Султан Тимур Гази-хан I ( -1753-1764)*
*Гарип-хан II ибн Гарип ( -1764-1791)*
*Абдул Гази-хан III ибн Гарип ( -1791-1804;1806-1806-?)*
*Ильтузар Инак-хан I ибн Иваз (-1804-1806) Кунграт*
*Мухаммед Рахим-хан I Бахадур (-1806-1825)*
*Аллакули-хан I Бахадур (-1825-1842)*
*Мухаммед Рахим Кули-хан I (-1842-30.I.1846)*
*Мухаммед Амин-хан I Бахадур (-1846-.III.1855)*
*Абдалла-хан I (-1855-1.IX.1855)*
*Кутлуг Мухаммед Мурад Бахадур-хан I (-1855-1856)*
*Махмуд-хан I (-1856-1856)*
*Мухаммед-хан I (-1856-.IX.1864)*
*Мухаммед Рахим-хан II Бахадур (1845-1864-1910)*
*Исфандияр-хан II Джурджи Бахадур (1871-1910-1.X.1918)*
*Сеид Абдалла-хан I (-1918-1920-1920)*
*Жунейт хан яумт (түркмен) (1920) »*[72]

Қабақ – Қарақалпақ байланыстығының тағы бір көрінісі - екеуінің құрамында да Хангелді, Жангелді, Аралбай руларының болуы.

Осы күнге дейін«қарақалпақ» атауының этимологиясы туралы ортақ пікір жоқ, оны қарақалпақ ғалымдарының өздері де растайды.

*«По мнению известных историков С.П. Толстова, П.П. Иванова и Т.А. Жданко Приаральские печенеги связывали свои жизненные пути со здешними огузами и основали последнюю (*орфографиясы өзгеріссіз беріліп отыр - С.Д.*) этап в формировании каракалпакской народности. Значит окончательное приобразование каракалпаков в единю народность завершилась здесь на побережьях Арала и Амударьи. Именно в это время, случается переименование Восточных печенегов, и они стали называться «каракалпаками». Середине XIв. на территорию восточных печенегов, переселились кипчаки из Сибири и Иртыша и смешались местными народами. По мнению С.П. Толстова именно кипчаки впервые назвали восточных печенегов «каракалпаками» смотря по их головным уборам. В Шажаре Бердаха встречается такие строки*
*«Малик улы разы хақ, жаслығында қойды ғұлпақ, кийген екен қарақалпақ, соннан қалпақ болған екен». Значить каракалпаки приобрели свое название еще в XI в.Этого доказал С.К. Камалов объявив по итогам книги тюркского*

[72] http://www.kazakh.ru/talk/mmess.phtml?idt=109061

*ученого Зия Куртера «Каракалпак» который был издан 1974 г. Помимо этого они были отмечены в русских летописьях и в произведениях восточных авторов. Здесь надо отметить тот факт, что в совместном труде археологов М. Мамбетуллаев и М. Туребекова отмечает следующее «Нельзя сказать, что каракалпакское наименование происходит от названия «Черных клобуков»(то есть қара бөриклилер) за то, что они сходно слышатся», «Также нельзя утверждать что каракалпаки приобрели свое название, из за цвета своих головных уборов. На ряду с этими он привел несколько положительных и отрицательных примеров в употреблении слов «черные», «белые». По мнению К. Мамбетова слова «кара» означает простому народа, или обозначает «переживание». В труде Г.А. Хидоятова «Моя родная история» слова «кара» обозначает «народ». Значить эти задачи все еще требует глубоко и специальных исследований».*[73]

Қарақалпақ атауы қабақ атауынан пайда болуы мүмкін.
Егер осы лекциядағы Г.А.Хидоятовтың
«қара» сөзі «халық» дегенді білдіреді деген ойын әрі қарай дамытсақ,
**қабақ=қарақабақ**(қабақ халқы)=**қарақапақ=қарақалпақ**
болар еді.

Ал енді қазақ-хиуа қатынастары және олардың зерттелуі жайында тарихшы Радик Темиргалиев былай ой өрбітеді:

*«Наверное, многие читатели из школьного курса всемирной истории помнят, что Древний Хорезм был одним из тех мест, где когда-то зарождалась человеческая цивилизация. Но этими же сведениями знания, в основном, и ограничиваются. Просто потому, что история этой страны очень мало изучена. Существующая литература труднодоступна, причем, даже книги советских историков при всех своих несомненных достоинствах уже серьезно устарели.*

*Подобному положению дел способствовала, в первую очередь, ликвидация Хорезмской республики большевиками, кроившими границы по национальному принципу. Это решение в то время даже вызвало критику со стороны такого великого ученого, как В. В. Бартольд, понимавшего, что таким образом разрушается самостоятельная культурная традиция и те же историки теперь бросят все свои усилия на изучение прошлого образовавшихся "социалистических наций".*

*Сейчас дело обстоит еще хуже, чем в советские времена. Историков современного Узбекистана в большей степени заботит наследие эмира Тимура, туркменские ученые во главе с покойным Ниязовым дали миру пока только "Рухнаму", а историческая наука автономного Каракалпакстана,*

---

[73] Истории Каракалпакстана. Текст лекции. Каракалпакский государственный университет им. Бердаха. Кафедры «Истории Узбекистана и Каракалпакстана» Кандидат исторических наук доцент А.Р. Кудияров.

*которая всегда представляла собой печальное зрелище, кажется, окончательно умерла вместе с Аральским морем. Некогда мощная российская школа востоковедения также пребывает в упадке. Новые труды издаются очень редко и мизерными тиражами, а внимание российских историков теперь в большей степени обращено на Китай или Индию.*

*Что касается историков Казахстана, то по работам некоторых из них быстро становится понятно, что они не имеют никакого представления об истории Средней Азии. К сожалению, хивинцы, как и кокандцы, в понимании таких ученых в истории появляются лишь для того, чтобы отчаянно пограбить мирное казахское население. Но история Хивы тесно переплетена с историей казахского народа, и наряду с неизбежными для всех соседей конфликтами существовали и стороны других видов взаимоотношений. Многие страницы этой совместной истории, к сожалению, практически не исследованы. Одной из таких малоизвестных тем является история казахских правителей Хивы в XVIII в., которой автор и хочет посвятить данную статью.*

*В истории Хорезма и Хивы (В XVII веке столица Хорезма была перенесена из окончательно зачахшего Ургенча в Хиву, и в источниках стало все чаще фигурировать название "Хивинское ханство" или просто "Хива") отношения с кочевниками всегда имели огромное значение. Кочевники основывали правящие династии, пополняли армию, покупали произведенный в Хорезме товар (с высокой добавленной стоимостью), взамен снабжая страну дешевым скотом и рабами. Клинками кипчаков и туркмен была создана огромная империя Хорезмшахов, павшая затем в ходе монгольского завоевания. При разделе улусов Чингисхан отделил Хорезм от Мавераннахра и Хорасана и отдал своему старшему сыну Джучи вместе с Дешт-и Кипчаком. И даже после развала Золотой Орды, правители Хорезма продолжали ориентироваться на союз со степью. За это, эмир Тимур, взяв Ургенч, приказал полностью разрушить его и засеять ячменем землю, на которой расположен город. Но город ожил и спустя сто лет сумел освободиться от власти Самарканда.*

*С начала XVI века в Хорезме утвердилась новая династия чингизидов, пришедшая из кипчакской степи. Эта династия сохраняла свой трон в течение двух веков, несмотря на постоянное давление правителей Мавераннахра. Выстоять Хорезму в немалой степени помогал и традиционный союз с правителями Казахского ханства. Но в конце XVII – начале XVIII вв. Хива оказалась в глубоком кризисе. Перевороты следовали*

*за переворотами, и правители слетали с престола как шашки, снятые с доски. Летописцы так и называли этот период «игрой в ханы».*[74]

Алшын шежірелерінде қатар айтылатын Тілеу мен Қабақты 17 ғасырда өмір сүрген адамдар ретінде қарастыратын ақсақалдардың, барлық алшын 14 ғасырда жалғыз Алаудан туды деп есептейтін саясаткер Жақсылық Сәбитовтің, күллі қазақты Ақарыс, Бекарыс, Жанарыстан тудыратын шежірешілердің аргументтерінің осал жері ортақ. Түсіндіріп көрейін.

Менің 7-ші атам Шектінің ұраны болған Бақтыбай батыр.



*Бақтыбай батыр. Суретші С.Баталов*

Ол белгілі тарихи тұлға, орыс елшісі Кутлу-Мухамед Тевкелевтің күнделігінде, Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романында, т с.с. басқа да құжаттарда аты аталған. Өмір сүрген уақыты -батырдың ұрпағы, тарих зерттеушісі Аманбай Құнтөлеуұлы әл-Құланды ағамыздың жазуы бойынша 1698-1767 жылдар аралығы. Бақтыбай ұрпақтарының арасында жас Бақтыбай батырлығымен алғаш рет қалмақтармен болған соғыста көзге түсті деген әңгіме бар. Сол оқиғалар туралы Аманбай әл-Құланды былай дейді.

*«...Алайда «Ақтабан- шұбырынды...» кезінде де қазақтардың бәрі бірдей ата мекенін тастап босып кеткен жоқ еді. Қазақ ұландарының едәуір бөлігі, әсіресе Әбілқайыр хан бастаған Кіші жүз батырлары тама Есет, табын Бөкенбай, шекті Бүкірек(Құл),Тайлақ, Сырлыбай,Сартай,*

[74] Радик Темиргалиев. Казахские ханы Хивы. http://www.zonakz.net/articles/31203

*Бақтыбай, Бәйімбет, кете Арал, Әжібай, Жөнекей, Бақай, Киікбай Жайықтың арғы бетіне өтіп, құба қалмақтардың жолына тосқауыл қойып үлгерді, олардың оңтүстік пен арқадан ағылған жоңғар жасақтарына қосылмауын қатаң қадағалады»* [75]

Осы операцияны жүзеге асырған **Әбілқайыр ханның әскері қанша адам еді** деген сұраққа Ресей императоры I Петрдің қалмақ ханы Аюкеге мына төмендегі пәрмені жауап бере алады:

***«1723 г., декабря 12. - Грамота императора Петра I калмыцкому хану Аюке о подготовке к отражению ожидаемых набегов казахов на приграничные российские селения и города.***

*Понеже известно нам, императорскому величеству, чрез выходцов учинилось, что киргис-касаки и каракалпаки, собрався в* ***сороке тысячах*** *человеках, идет под наши императорского величества города и под твои, подданного нашего, улусы войноюдля разорения сел и деревень, и некоторые из них, киргизцов и каракалпаков, с пять тысяч человек перелезли реку Яик и идут под наши императорского величества городы и на Черемшанские жилища, и в другие места; того ради наше императорское величество повелеваем тебе, подданному нашему Аюкаю-хану, со всеми улусными людьми иметь осторожность и разъезды в степи. И когда явится какое движение от тех киргисцов и каракалпаков, в таком случае тебе, подданному нашему, о препятствии их, дабы до разорения наших городов и уездов не допускать, чинить с общего согласия с генералом нашим майором князем Волхонским и с астраханским нашим губернатором Волынским. Дан в Санкт- Петербурге, лета 1723-го, декабря 12-го»*

*КОА. 1723-1725 гг. Д.17. Л. 2. Опубл. МИК. С.175.*[76]

Бұл хатта 5 мың адам Жайықтың Ресей жағына өткені, **әскердің жалпы саны 40 мың** екені айтылған. Әскери тілмен айтсақ, осы 40 мың адамды бір дивизия деуге болады. Ал енді келесі сұрақ: Бақтыбай батыр құрамында болған Шектілер полкінде неше адам болды? Егер әр руды бір-бір полк деп, қарақалпақтарды 7 полк деп жорамалдасақ, әр полкте мың жарым- екі мың жауынгер болуы керек. Демек, **Шектілер** жағынан да бұл кампанияға ең кемі **мың жарым** адам қатысты деп айтуға болады. Осы мың жарым адам әскер кімдер, қолда бар шежірелермен санап көрейік.

---

[75] Аманбай әл-Құланды.Ұранға шыққан Бақтыбай. Алматы, Дәуір, 2010 ж. 111-б.

[76] История Казахстана в русских источниках XVI-XXвв., 2-т. Алматы, Дайк-Пресс, 2005 ж. 309-б.

Қабақ взводында Хангелді, Жангелді, Аралбай, Айбек, Төлес бөлімшелері бар. Айбектен- «Қыз Жібек» арқылы исі қазаққа белгілі Бекежан батыр, оның ұлдары Тайлақ, Байрақ, Қайрақ, барлығы 4 жауынгер. Төлестен- Бақтыбай, Ақмырза. Хангелдіден- Пұсырман, Қалдыбай, Қайыпберді, Жолдыбай, Шіңгір. Жангелдіден- Таласбай , Бөгенбай, Құттыбай, Құдас. Аралбайдан- Уақ, Қазақай, Қырғыз. Сонымен Қабақ взводында небәрі- 18 жауынгер . Тілеуде ше? Тілеуде Есіркеміс, Әлдеберлі, Әтенбек, Жақсыбек- 4 жауынгер. Сонымен, Айт ротасы 22 адам болды. Бұжыр ше? Бұжырдың Назары 8 жауынгер, Шүрені шежіре бойынша алтау және 5 Жекей. Сонымен Бұжыр ротасы 23 адамнан тұрады. Ендеше, Бөлек батальонында небәрі 45 адам болды. Жақайым батальонында да, Өріс батальонында да , Баубек батальонында да осынша адамнан болды деп есептейміз. Ол деген сөз Шектілерде небәрі қолына қару ұстай алатын 180 еркек болғаны. Демек Шекті полкі 1320 жауынгерге зәру, Әбілқайыр ханның дивизиясы 35000 жауынгерге зәру. Әбілқайыр хан жетпеген әскерді қайдан алды екен, әлде басқа елдерден ғаскер жалдады ма екен? Олай дейін десек, ондай дерек тарихта жоқ.

Орыс тыңшылары I Петр патшаға Әбілқайырдың әскерінің санын өсіріп айтып, 40000 деп әсіреледі дейін десек, Жақсылық Сәбитовтың өзі айтулы мақаласында казак атаманы Федор Михайловтың Қайып пен Әбілқайырдың **60 мың** атты әскер жасақтау мүмкіндігі бар екенін айтқанына сүйенеді.[77]

Демек, Әбілқайыр әскерінде шын мәнінде 40 000 сарбаз болды, оның ішінде Шекті сарбаздарының саны бір жарым мыңнан кем болған жоқ деп сеніммен айта аламыз. Ал біздің шежірелерімізде Бақтыбай батырдың үзеңгілестері ретінде шамамен 180 адамның ғана аты аталған. Бұдан шығатын тұжырым- Алшын шежірелері 1700 жылдары өмір сүрген ерлердің әрі кеткенде10 пайызын қамтиды. Ал шын мәнінде ол заманғы ерлер саны одан 10 есе көп болуы керек.

Сол себептен де, шежірелерде Бақтыбай батырдың әкесі делінетін Төлес, турасын айтсақ, адамның аты емес, рудың аты. Төлес руы сонау VIII ғасырда Түркі қағанатының іргелі елі болғанын ілгеріде айттық.

Шежірелерде Төлестің әкесі делінетін Қабақ та адам емес, ру. Қабақ руы да кішігірім ру емес екені Саян тауларындағы Қабақ тайгасынан Жошыға ілесіп, Дешті Қыпшаққа келген қабақтар, басқа ру-тайпалардың арасында жойылып кетпей, Ноғай Ордасынан Хиуаға өтіп, ол елде билікке араласып, қарақалпақ этногенезіне қатысып, жоңғар-қалмақтармен шайқасып, қазақ шегарасын батысқа қарай кеңейтуге атсалысқанынан байқалады.

[77] Жаксылык Сабитов. Этногенез казахов с точки зрения популяционной генетики. The Russian Journal of Genetic Genealogy (Орыс нұсқасы) 5-т. №1, 2013 ж. 30-б.

# Төлес



*Төлес көлі. Ресей. Алтай республикасы.*[78]

Алшын шежірелері бойынша Төлес Қабақтың бес баласының бірі. Сонымен бірге Алшын шежірелерінде Төлес Қаракесектің, Шөмекейдің, Рамаданның ұрпақтары ретінде де айтылады . Ал біздің пайымдауымыз бойынша – ол адамның аты емес, рудың аты. Төлестер қазір Кіші жүздің бірнеше тайпасының құрамында, және қырғыздардың, тывалардың арасында бар екенін ілгеріде айттық. Төлестер Алтай республикасының негізгі халқы- алтайлықтардың бір руы ретінде де кездеседі.

Ол туралы бізбен замандас Алтай ғалымы Н.А. Тадина[79] да, өткен ғасырда өмір сүрген орыс ғалымы Радлов[80] та жазады.

[78] http://tainyvselennoi.mirtesen.ru/blog/43874337810/Rossiya,-Teletskoe-ozero,-respublika-Altay.

[79] О трех линиях родства у алтайцев http://new.hist.asu.ru/naltai/ualtairodstvo.html
[80] Радлов В.В. Из Сибири. Москва: Наука, 1989 ж. 95-96 бб.




Төлестер мен саят-үрәңқайлардың 13 ғасырда Жошыға ілеспей, жұртында қалып қойған бөлігінің 16 ғасырда жер көлемінің әжептәуір болғанына мына карта [81] айғақ бола алады, мұнда төлестер «телесы» деп берілген.

Бір кездері күш-қуаты дамуының шарықтау шегіне жеткен үрәңқайлар туралы Грумм-Гржимайло « Припомним хотя бы то, что Чингис-хан набирал из них свои отборные дружины, что они же входили в состав его гвардии, что и «многие из их беков прославились в славный век Чингис-хана», а засим, что боевая их репутация поддерживалась ими еще в XVIII веке, что и Рашид эд-Дин заканчивает свое повествование о них словами, свидетельствующими о более значительном их прошлом» дей

---

[81] Г. Лучинский Историко-этнографическая карта Сибири XVI века. https://commons.wikimedia.org/wiki/File:Peoples_Siberia_XVI.jpg?uselang=ru

келе, олардың он жетінші ғасырдың аяғында азып-тоза бастағанының себебін ашып айта алмайды.[82]

Біздің ойымызша оның екі себебі бар. Біріншіден, саят-үрәңқайлардың негізгі күштері XIII ғасырда Жошы ұлысымен бірге батысқа кетіп қалды. Екіншіден, орыс патшаларының Сібірді отарлау саясаты жұртта қалған абориген үрәңқайлардың колонистердің езгісіне түсуіне әкеп соқты. Ол туралы Брокгауз бен Ефронның энциклопедиясында еш бүкпесіз, ашық жазылған.

«*Большую роль в заселении С.(* Сибири- С.Д.*) играло также падение звериного промысла в Европ. России. Вологжане, устюжане, холмогорцы, архангельцы и др. основывали промышленные колонии в Западной С., выясняя инородцев из их старинных угодий: "отец наш, — говорили последние в 1649 г., — служил царю Михаилу Федоровичу и прежним государям, как и С. стала, и ставил с государевыми служилыми людьми в С. три города — Тобольск, Тюмень и Тару, а теперь на их земле, по Тоболу реке, по обеим сторонам, ловят всякие русские люди всякой зверь и орловые гнезда снимают"... По этой, между прочим, причине русские уходили подальше от городов на восток, на север, и там находили уловы и наживу. Березов, Обдорск, Туруханск возникли, главным образом, вследствие того, что здесь были богатые звероловные места. Часть зимовий зверопромышленников разрасталась в большие селения, населялась артелями наемных звероловов (так наз. покрученников, ужинников) и становилась центром, откуда устраивались "станы" — нечто вроде станций, где звероловы останавливались во время своих промысловых экскурсий, пролагались дороги. Служилые люди, пользуясь указаниями промышленников, нередко по их же пути ставили зимовья ясачные, куда покоренные инородцы сносили ясак. Для охраны возникали острожки и т. д. Соболь положил начало Олекминску, Вилюйску, Верхоянску, Верхнеколымску; бобер морской повел русских в Камчатку и вывел на материк Америки. Нужен был пушный зверь — и русские потянулись за Урал, где его было много. Почувствовался недостаток в ловчих птицах — и в С. появились поселения кречетников, сокольников и т. д. Служилые люди также были важным элементом русских насельников. Обыкновенно начальники отрядов служилых людей, исполнив свою службу, через год-два возвращались в Россию, но остальной отряд оставался жить в С., оседая по сибирским городам или же в городе, им же основанном... Новопостроенный город на второй же год своего существования часто*

[82] Г.Грумм-Гржимайло. Западная Монголия и Урянхайский край. 3-т. Ленинград, 1926 ж. 169-170 бб.

*имел достаточное количество жителей. Начиная с 1593 г., когда впервые были сосланы в С. угличане, число ссыльных все росло; это был один из видов правительственной колонизации... Прежде всего заселилась Западная С., как первая занятая русскими. Точной цифры всего русского населения в С. для первой четверти XVII стол. дать невозможно. По вычислениям Буцинского, в 7 западных уездах с городами числилось к концу царствования Михаила Федоровича около 7370 челов. русских муж. пола; это число надо увеличить, так как в него не вошло много гулящих людей, не попавших в правительственную регистрацию. Словцов для 1622 г. приводит цифру всех жителей в 15050 чел. мужского пола. Инородцев в это время во всех 7 уездах числилось не больше 3000 чел. муж. пола. Сильный недостаток чувствовался в женском элементе, на что очень жаловались русские люди. В 1630 г. по царскому наказу для восполнения недостатка в женщинах были набраны в Тотьме, Устюге и Сольвычегодске 150 девок и препровождены в С.; в 1637 г. снова было отправлено 150 девок "для женитьбы казаков". Когда заселение Западной С. совершилось, понадобились поселенцы для новых земель, дальше на востоке. Заселение этих пространств шло также двояким путем: путем правительственных переселений и путем частных движений русских людей... Кроме набора "переведенцев" на новые места из России, правительство стало по указу пересылать туда и жителей Западной С., но все же главный контингент поселенцев Юго-Восточной С. состоял из добровольцев, преимущественно — гулящих людей...*

*Наиболее страдающим элементом сибирского населения были инородцы: они платили ясак, они подвергались всем ужасам воеводского управления, они, наконец, обречены были на постепенную гибель, так как не могли бороться с более сильным и культурным русским народом... Воеводы, служилые люди, дьяки и разные другие власти отнимали у них меха, отнимали жен, детей, били и даже убивали. Многие инородцы умирали холостыми, так как жен неоткуда было взять: инородческие женщины были у русских. Из 44, напр., умерших инородцев Каурдацкой волости только двое оставили после себя семью. Инородцы либо служили государю пашенными крестьянами, либо платили ясак. Положение тех и других было в высшей степени тяжелое. Ясак с инородцев собирался различно: с целых волостей, по родам, а то и с каждого в отдельности. Платили ясак только мужчины от 18 до 50-летнего возраста, но вернее — до смерти и даже после смерти, так как за них платила волость, пока умерших не исключали из списков. Сначала количество ясака не было определено, и воеводы собирали сколько могли; затем было определено брать с холостых по 5 соболей, а с женатых по 7. Но цена соболя была различная: один стоил 7 руб. 50 коп. (высшая оценка), другой 14 коп. (низшая оценка). Поэтому в 1626 г. установлены были различные нормы для*

*мехов зажиточных средних и худых. Но ценили меха не сами инородцы, а воеводы. Если прибавить к этому, что само правительство требовало низкой оценки, то станет ясно, что это была за оценка. Ясак, в сущности, равнялся оброку с русских, но к нему надо прибавить еще "поминки" (подарки) царю, воеводам, сборщикам и т. д., грабеж инородцев всеми сильными людьми и обязанность платить за умерших — и тогда будут понятны вопли несчастных: "мы обнищали и одолжали великими долгами, женишек и детишек прозакладывали!" Понятно станет и то, почему ясачные никогда не могли уплатить сполна ясака и недоимки на них накоплялись ежегодно. От ясака московское правительство имело громадную прибыль. По свидетельству Флетчера, за удовлетворением внутренних потребностей огромное количество мехов отправлялось за границу. В царствование Феодора Ивановича стоимость вывозимых мехов составляла от 400 до 500 тыс. р. Весь государственный доход в это время не превышал 1500000 руб.; следовательно, ясак давал почти 1/3 всех поступлений. Котошихин вполне верно сообщает, что денежных доходов с С. царь не получает, так как они "исходят там на жалованье служилым людям", "а присылается из С. царская казна ежегодь соболи, мехи собольи, куницы, лисицы черные и белые, и зайцы, и волки, бобры, барсы; а сколько число той казны придет в году, того описати не в память, а чаять тое казны приходу в год больши шти сот тысяч рублев". Можно с вероятностью сказать, — замечает Фирсов, — что инородцы, сами того не подозревая, содействовали развитию царского самодержавия: не будь в распоряжении у московских царей даровых соболей, лисиц и проч., власть их, может быть, имела бы иной вид, иные общественно-экономические порядки были бы в русской земле…*

*Образованных людей С. не знала в течение всего XVIII в. Когда в 1784 г. иркутский ген.-губернатор предписал Колыванской наместнической канцелярии составить топографическое описание наместничества, никто не мог выполнить этого распоряжения, никто не понимал даже, что это за "топографическое описание". Пьянство и разврат царили в страшной степени. Китайцы в 1722 г. выгнали русских купцов из пределов своей страны, так как не могли снести их пьяных безобразий. "Ни единого места не видывал такого, — писал знаменитый Паллас, — в котором были бы в такой степени распространены разврат и "французская болезнь", как в Томске". По местам обычай служилых людей требовать себе в дороге женщин удержался в смягченной форме на чрезвычайно долгое время (в Вост. С. — до середины XIX в.) и имел характер земской повинности. Существовала даже торговля инородками и инородческими мальчиками. Огромное количество рабынь доставляли экспедиции в непокорные области. Русское правительство сначала усиленно боролось с таким*

*рабством, но ничего не могло поделать. В нескольких указах правительство заявило, что невольники некрещеные должны быть освобождены. Этого было достаточно, чтобы рабовладельцы стали крестить "свой товар" и получать санкцию на владение инородцами. Главными рынками для торговли рабами были Якутск, Томск, Тюмень и Тобольск. Рабов вывозили даже в Европ. Россию. Закон 1757 г. легализировал эту торговлю. "Привозимых киргизами разных наций пленников, — говорится в этом постановлении, — всякого звания людям покупать и на товары выменивать, а потом крестить не только воспрещать не подлежит, но еще приохочивать к тому надобно, для того, дабы лучшее старание было из магометан и идолопоклонников приводить в православный христианский закон". В С. появились рабовладельческие хозяйства. В 1808 г. был издан указ, по которому разрешалось покупать без права перепродажи инородцев, но с тем, чтобы все достигшие 25-л. возраста освобождались».*[83]

## Ша

*«Бір аласапыран ел босып жүрген жылы Көгіске Назар және Ша деген екі бала келіп, қамқорлығында жүріпті. Көгіс осы екі баланы өзінің ұлы Бәйімбетке беріп, қамқорлығына алып өсіріп, ел қатарына қосуға тапсырыпты. Бірақ Ша өз еліне (ЖобасыӘзірбайжан немесе Түркия елі болу керек) қашып кетіпті де, Назар тұрақтап қалып қойыпты. Сол Назардан ұрпақтар тарап, Бәйімбет ішінде өсіп, сіңіп, "Біз Бәйімбеттің Назаршасымыз" деп аталып кеткен еді. Сол екі баланың (Назар және Ша) атын біріктіріп айтып, қазір олар "Біз Назаршаның үрпағымыз, "Назарша" тайпасынанбыз" деп жүр».* [84]

Бұл шежіре бойынша Ша былай тарқайды:

**Алшын**-Алау батыр-Қыдуар-Аққожа-Кәдірқожа-Қаракесек-Әлім-Жаманақ -Шыңғыс-Жақайым-Көгіс-**Ша**.

Шын мәнінде Ша адамның аты емес, таудың аты. Алтай-Саянның Шапшал жотасынан бастау алып, Енисейге (үрәңқайша Ұлы Кем) құятын ұзындығы 320 км Кемшік өзені бар. Сол өзеннің солтүстік жағында 90̊ 11’

---

[83] Энциклопедический Словарь Ф.А.Брокгауза и И.А.Ефрона. Сибирь. http://www.vehi.net/brokgauz/all/093/93341.shtml

[84] Теңізбай Үсенбаев. Алшын шежіресі. Қызылорда. Тұмар, 2003ж.242-б.

ш.б. (келесі беттегі картаны қараңыз) Ша деген тау бар, Ша руы осы тауда өмір сүрген.




## Шөмекей

Мұхаметжан Тынышпаев шөмекейді қытай жылнамаларында айтылатын дулу тайпасы чу-му-гуньмен байланыстырады, ұраны «дөйт» дейді.

Қазақ шежірелері «Әлім, Шөмен бір туған, Шөменнен Шөмекей туған» дейді, Шөмекейді төрт тайпаға бөледі- Тоқа, Көнек, Аспан, Бозғұл.

Ресейдің 1803 жылы Бұхараға бара жатып қазақ жерінде сәтсіздікке ұшыраған экспедициясының жетекшісі поручик Я.П. Гавердовскийдің

шөмекейдің бір биінің аузынан жазып алған шежіресі бойынша Шөмекейлер Әлімұлына құда болып келеді, Көлдей, Қаратамыр, Тоқа-жиендер.

*«Когда Орусовы воины внесли свои шатры в здешние степи, Алимулы, сын хана Меньшей орды и основатель сильного колена, женил сына своего на дочери главного начальника чумекейского. Родство соединило народы сии, и чумекейцы в алимулинском роде составили ныне отделение, в котором уделы, называемые елдяр****, каратамыр и тукан****, происходят от детей Алимовых;* ***куит-аюсырым и куняк*** *– от древних чумекейцев, а* ***сары-кашкин*** *– от прочих степных жителей турской породы. Всех аймаков (Аймак значит часть удела или небольшое отделение) в нашем отделении 18, а кибиток или семей до 21 000».*[85]

Осыдан 2 ғасырдан астам уақыт бұрын айтылған бұл шежіренің тарих зерттеушілері үшін маңызы зор.

Шынымен де, Шөмекейдің Тоқасының құрамында Әлімнің Шектісінің- Бөлек, Әлім-Шекті- Қабақтың- Төлес, Аралбай, Хангелді және Пұсырман, Әлім-Шекті- Жақайымның- Бердіңғұл, Қосқұлақ рулары бар. Бұлардың Орман елі екені айтылды.

Екіншіден, расында да Қойыт (Т. Үсенбаевтың шежіресі бойынша Аспан бөлімінің құрамында) және Көнек рулары – көне рулар, оның мынадай дәлелі бар. Хойт фамилиялы қалмақ тарихшысы (қойыттар қалмақта да, моңғолда да бар) былай дейді:

*«…Таким образом, существуют три наиболее приемлемые этимологические версии этнонима хойт:*

*от слова хойд со значением «север», что может указывать на локализацию данной группы в определенный период;*

*от этнонима сойот (современные носители которого являются, по всей видимости, самодийско-тюрко монгольским конгломератом), этимология которого, в свою очередь, также нуждается в детальном исследовании;*

*от монгольского слова хой со значением «лес».*

*Поскольку факты контактов монголоязычного населения, которое могло бы осуществить в своем языке переход «сойот – хойот – хойид», с сойотами до XIX в. не установлены (хотя их вероятность велика),*

---

[85] История Казахстана в русских источниках. 5-т, Алматы, Дайк-пресс, 2007жыл, 224-б

*а также поскольку значение «лесные» (хойид) или собирательно «лесные народы» (хойин иргэд) не вызывает сомнений в плане смысловой нагрузки, в отличие, скажем, от значений «светлый», «желтый», «прямой» и пр.,*

*из всех версий более вероятной представляется версия от слова хой со значением «лес».*

*Значение же «север» или «северный» в отношении этнонима хойт (хойид) может иметь более позднее происхождение (XVII–XVIII вв.) и поэтому при выборе предполагаемого значения, на мой взгляд, уступает значению «лесной», которое, по всей видимости, и является исходным для современного этнонима хойт».*[86]

Көріп отырғандай, қойыттар да –Орман елі.

Көнекке келер болсақ, ол сөздің түп-төркіні моңғол тілінен келген:

**ХӨНӨГ** (ыдыс) 1. көнек; 2. шелек; 3.оқшантай, дәрі қалта; [87]

Демек, көнек шынымен де поручик Я.П. Гавердовскийдің жазғанындай көне шөмекей руы.

Сары Қашқынға келейік. Шежіре бойынша Сары- Шөмекейдің Бозғұл тайпасынан. Ал бозғұлдың мағынасы- қашқын, қараңыз:

**БОСГОЛ** босқын, қашқын (адам)[88]

Бұл тайпаның құрамында Дулаттың Құдайқұл, Жәдік, Қанай рулары бар.

18-19 ғасырларда Башқұрттардың Табын тайпасының Теляу бөлімшесінде Сары және Көнек рулары, ал Сунарсы тайпасының Байки бөлімінде Шөмекей руының өзі болған.[89]

Шөмекейді құраған төрт тайпаның бірі Аспан дедік. Мына картада Саян тауларынан бастау алып, Енисейге құятын Аспан деген өзен бар, келесі бетті қараңыз.

---

[86] С.К. Хойт. Об этнониме хойт (хойид) http://journal.iea.ras.ru/online/2005/EOO2005_5c.pdf

[87] Б. Базылхан. Монгол-казах толь. Улаанбаатар өлгий, 1984 ж. 611-б

[88] Б. Базылхан. Монгол-казах толь. Улаанбаатар өлгий, 1984 ж.83-б.

[89] http://www.bashklip.ru/forum/16-64-1




Сонымен, Шөмекей - Орман елінен шыққан рулар одағы, кейбір рулар шөмекейге кейінірек келіп қосылған.

Ілгеріде үрәңқайлық Жаршытай ақсақалдың (Сүбетей батырдың әкесі) Темүшін дүниеге келгенде көрігін арқалап, сыйлыққа бұлғын жөргек алып келгені туралы «Моңғолдың құпия шежіресінен» үзінді келтіріп едік.[90] Ол үзіндіде назар аударарлық екі нәрсе бар. Біріншісі- бұлғын терісінен кез-келген аңшы жөргек істей алмайды, ол үшін теріні илеп, өңдей алатын шебер болу керек. Екінші назар аударарлық нәрсе, Сүбетейдің әкесінің көрік арқалап жүргені. Онысына қарағанда, Жаршытай ақсақал металл балқыту жөнінен де шеберлігі бар.

Моңғолша шеберді «дүй» дейді[91] , ал «дүйт» дегеніміз- шеберлер деген сөз. Шөмекейдің ұраны «**дүйт=дөйт**» болғанына қарағанда, олар үрәңқай тайпасының шеберлер кастасынан болса керек.

## Қаракесек

Қаракесектер Алшында да, Арғында да бар. Екеуінің түбі бір – Саян таулары. Сол таулардың Тыва мен Краснояр өлкесі шектесетін тұсындағы теңіз деңгейінен 2600 м биіктіктегі орманды жоталарының бірі – Кесек тайга деп аталады. Кесек сөзі моңғолшадан аударғанда күшіген деген құсты

[90] Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері.1-т. Алматы, Дайк-Пресс, 2005ж.110-б.

[91] Б. Базылхан. Монгол-казах толь. Улаанбаатар өлгий, 1984 ж. 201-б.

білдіреді деп ілгеріде айтқан едік. Шамасы мұнда күшігендер көп болса керек.




Осы тайгада аңшылықты кәсіп етіп, күн көріп жүрген саян-үрәңқай тайпасы Кесек деп аталған. Кесектердің үрәңқай тайпасы екенін Грумм-Гржимайлодан көреміз.

*«Засим, и Африканов-«Урянхайская земля и ея обитатели» в «Изв. Вост.-Сиб. Отд. И. Русск. Геогр. Общ.», 1890, XXI, № 5 называет четыре кости в составе ойнарского сумына: тонгкак, байгара,* ***кизек-соин*** *и ургиз...»* [92]

[92] Г.Грумм-Гржимайло.Западная Монголия и Урянхайский край.3-т.Ленинград,1926 ж. 11- б.

Осы кесектерден бөлініп, 13 ғасырда Алшынның және Арғынның құрамына кірген топтар Қаракесек атанған. Ал Орман елі-Алшындармен аралас-құралас болған қырғыздардың құрамында Кесектердің де, Қаракесектердің де болуы олардың қырғыздарға әр мезгілде кезең- кезеңімен қосылғанын байқатады.

Т. Үсенбаевтың «Алшын шежіресі» бойынша Қаракесектен Есіл мен Тобыл туады, Тобылдан Үңгіт туады. Бұл руларға байланысты Ресейдің Дивногорск қаласының маңында Енисейге құятын аралары 20 км Тобыл және Үңгіт өзендері бар екенін атағанымыз жөн болар.






Үңгіттер Жаппас руының құрамында да бар.

Қаракесектің құрамында Шектіде кездесетін Қалу, Шоң,Тілеу -Қабақ,Төлес, Назар рулары бар. Ол Шекті мен Қаракесек руларының бір-біріне жақындығын байқатады.

# Қарасақал

Моңғол Алтайының Қытай жағында теңіз деңгейінен 2765 м биік Сақал тауы бар.




Осы тауды мекендеген ел Сақал аталған. Олардан бөлініп шыққан Қарасақал руы қазақ алшындарының құрамында екені белгілі. Ал енді осы тайпалар тағы қайда бар?

Орыс ғалымы академик В.В.Радловтың жазуы бойынша алтайлықтар «алтай-кижи» және «чуй-кижи»болып екіге бөлінеді. «Чуй-кижидің» бір руы сақал деп аталады. [93]

Грумм-Гржимайлоның айтуы бойынша Үрәңқай өлкесінде Жадана өзенінің бойында Сайын-ноян қосынында қарасал деген ру болған. [94]

[93] В.В.Радлов. Из Сибири.Москва, Наука, 1989 ж. 95-96 бб.

[94] Г.Грумм-Гржимайло. Западная Монголия и Урянхайский край. 3-т. Ленинград,1926 ж. 16- б.

Тыва Уикипедиясында 19 ғасырда алтай үрәңқайларының арасында Қарасаян қосынында **қарасақал** руының, Көк моншақ қосынында **адай** мен **шүңгір** руларының болғандығы айтылады.[95]

Бұл мәліметтер қарасақал тайпасының Орман елі екенінің айғағы.

Шекті тайпасында кездесетін біраз рулар Қарасақалдың құрамында да бар. Олар- Баубек, Төлес, Шүңгір, Пұсырман, Асан-Үсен. Бұл осы екі рудың аралас-қораластығын көрсетеді.

## Төртқара

Төртқара туралы Алтай-Саян өлкесінен ешқандай топоним кездеспеді.

Алайда Грумм-Гржимайло 19 ғасырда Үрәңқай өлкесінде **қаратод** деген рудың Дорокөл көлінің және Азасу өзенінің жағасында өмір сүргенін айтады.[96] Мүмкін, **қаратод** дегеніміз **тодқара=төртқара** шығар.

Кейбір тарихшылар, мысалы М.С.Мұқанов пен В.В. Востров төртқара руын найман тайпасының матай руынан бөлініп шыққан деп есептейді.Таңбаларын салыстыра келіп, олар төртқараның бір бөлігінің керейден шыққанына күмән келтірмейді.

*«Возвращаясь к вопросу о происхождении этого рода, необходимо указать, что как и предыдущий, род торткара определенно недавнего (не раньше XVI-XVII вв). происхождения, и как нам кажется, основная его масса по каким-то неизвестным причинам отделялась от племени найман (рода матай), в составе которого имеется подразделение торткара. Часть рода, несомненно,- выходцы из племени керей, с которым у нее совершенно одинаковая тамга».* [97]

Жақсылық Сәбитовтың аталған еңбегінің[98] тіркемесіндегі кестеде Y-хромосомаға тест тапсырған төртқара руының екі азаматының екеуінің де гаплотобы C3c1 болып шыққаны көрсетілген. Ал найманның матай руынан тест тапсырған 5 азаматтың төртеуінің гаплотобы O3, біреуінікі- R1b1a2.

---

[95] Тува-Википедия https://mn.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D1%83%D0%B2%D0%B0

[96] Г.Грумм-Гржимайло. Западная Монголия и Урянхайский край. 3-т. Ленинград,1926 ж. 16- б.

[97] М.С.Мұқанов, В.В.Востров. Родоплеменной состав и расселение казахов. Алматы, Наука. 1968ж. 102-б.

[98] Ж. Сабитов. Этногенез казахов с точки зрения популяционной генетики The Russian Journal of Genetic Genealogy (Орысша нұсқа): 5-т, №1, 2013- ж.

Осы матай руының төртқара бөлімшесінен жалғыз азамат гаплотобын анықтаган екен, оныкі де R1b1a2 болып шығыпты.

Генетикалық генеалогияның бұл нәтижелері Мұқанов пен Востровтың пікірін растамайды, керісінше төртқаралардың Алшын тайпасына жататынын дәлелдейді.

Төртқараның құрамында Шекті тайпасында бар Баубек, Айт, Тілеу-Қабақ, Андағұл, Сейітқұл, Айдарбек рулары кездеседі. Бұл да төртқараның Орман елі- Алшын екенінің қосалқы дәлелі.

## Кете

*«Китя (кидя, Hi-ti) упоминаются в числе тех 18 племен, князья которых были собраны в 1120 году Елюй-Даши и засим под его предводительством во главе своих отрядов выступили на запад для завоевания государства Караханидов. В настоящее время китя входят в состав отдела алчин подотдела алимулы Малой киргиз-казачьей орды. В племени алчин Аристов видит метисов тюрков и белокурых динлинов, помещая их родину в стране Алакчин, лежавшей на Енисее, при устье Ангары, где, согласно одному из узбекских преданий, все лошади были пегими, а очаги золотыми. А если так, то и китя могут быть потомками белокурых динлинов».* [99]

Мұндағы динлиндер туралы тұжырымды ( ол кәсіби тарихшылардың мәселесі деп ойлаймын) және ала- шұбар ат пен алтын ошақ туралы аңызды елемесек, бұл үзіндінің мәйегі- **кетелер Алакчин елінен шыққан алшындардың руы.**

Алдыңғы тарауларда «алшын» сөзі моңғолдың «алығшын-аңшы» деген сөзінен шыққан деп едік. Ал Алакчин елі дегеніміз де- сол аңшылар елі. Қырғыздың «ч»-шыл говорындағы алакчин, қазіргі моңғолша кирилл әрпімен алагчин деп жазылады, ал моңғол фонетикасының заңдылығымен алығшын деп оқылады. Алығшын сөзі қалай алшынға айналды дегенде, Алшындардың 13 ғасырда Жошымен бірге Дешті Қыпшаққа кетіп, олардың көне түрік-моңғол тілі қыпшақ тілінің ықпалына түскенін, ал қырғыздардың сол Енисей аңғарында Минусин ойпатында қалып қойғанын, сондықтан олардың тіліне басқа тілдердің көп ықпалы болмағанын ескеру керек. Мысалы, ауыл сөзі моңғолша- аил, қырғызша да- аил. Шәй сөзі моңғолша-

---

[99] Г.Грумм-Гржимайло. Западная Монголия и Урянхайский край. 3-т. Ленинград,1926 ж. 14- б.

цай, қырғызша да- цай. Рахат=жаргал (моңғ.)=жыргал (қырғ.). Көлік=унаа=унаа. Қызық,тамаша=сонын =сонын, т.с.с.

Кете тайпасы туралы М.С. Мұқанов пен В.В. Востров Грумм-Гржимайлоның біз ілгеріде келтірген пікірін қайталай келе, Мубаракшах айтқан хита тайпасы осы болар деп ой түйеді. Олар кетенің құрамына алты ру кіретінін айтады.[100]

**Кете**

↓

**Ак-кете, Кара-кете, Мамает-тюйте, Токкожа, Бозанчи, Тегенболат**

«Алшын шежіресіне» келетін болсақ, автордың айтуынша Кердерінің Кетебике сұлуынан тараған ұрпақ «кете» атанған.[101]

Шын мәнінде Кете руының этимологиясы Кеті өзеніне байланысты.




Ұзындығы 1621 км болатын бұл өзен Батыс Сібір жазығымен ағып отырып Обь өзеніне құяды. Осы өзеннің бойында ежелден тұратын тайпа Кете деп аталған.

[100] М.С.Мұқанов, В.В.Востров. Родоплеменной состав и расселение казахов. Алматы, Наука. 1968ж. 93-94бб.
[101] Теңізбай Үсенбаев. Алшын шежіресі. Қызылорда. Тұмар, 2003ж. 91-б.

## Байұлы

Алаш өзенінің жоғарғы ағысы ауданы 600 шаршы шақырымды алып жатқан Бай-тайганы жағалайды. Аң-құсқа бай осы тайгада аңшылықты кәсіп етіп жүрген халық Жошының әскеріне Байлар деген атпен кірсе керек.




Байұлы деген атау тарихи құжаттарда алғаш рет 1561 жылы кездеседі. Сол жылдың 23 маусымында Ноғай Ордасының биі Смайылдың Орыс патшасы Иван Грозныйға жазған хатында Байұлы ұлыс ретінде аталады.[102]

## Алаша

Саян тау сілемдерінен бастау алатын Қаракөл және Чульча өзендері қосылып ұзындығы 125 километрлік Алаш өзеніне айналады. Бастапқыда ағысы қатты тау өзені Кемшікке қосылар тұсында Алаш даласына шығып қарқынын бәсеңдетеді. Осы жазықта қой-ешкі, жылқы, қодас бағып тіршілік етіп жүрген халық 13 ғасырда Алашы деп аталған, Алшынның құрамындағы Алаша осы болар.

[102] История Казахстана в русских источниках XVI- XX веков. I- т. Алматы, Дайк-Пресс, 2005 жыл, 126- б.



*Алаш өзені. Саян таулары. Тыва республикасы.*[103]




Алаша тайпасының құрамында Албанның Қоңырбөрік, Дулаттың Құдайғұл, Жәдік, Бектеміс, Бұзау, Ботпай, Шектінің Тілеу мен Қабақ рулары кездесетініне қарағанда, Алаша- рулар конфедерациясы.

---

103 http://www.travelzone.lv/rossija/raft/1983_alas/index.html

## Адай

Адайлардың өткен ғасырда Үрәңқай өлкесінің Кемшін қосынында кездесетіні туралы Грумм-Гржимайло еңбегінен ілгеріде үзінді келтірдік. Бұл ғалым адайлар қырғыздың адыгене болімінде де бар екенін айтады.[104]

Сонымен бірге хакастың қызыл бөлімінде Адай руынан басқа, Ақ адай, Көк адай рулары болған. Оны анықтаған- швед зерттеушісі Страленберг (Штраленберг) Табберт Филипп Иоганн. Тарихи деректер бойынша ол 1709 жылы капитан шенінде орыс-швед соғысына қатысады. Алайда Полтава түбінде орыстарға тұтқынға түсіп, Сібірге жер аударылады. Ол жақта қарап жүрмей 1721-1722 жылдары Д.Г.Мессершмидтің экспедициясына қосылып, Ертіс, Обь, Томь, Енисей өзендерінің бассейнін зерттейді. Сол экспедициясында ол Ұжұр болысының Парна ауылында тұратын 97 жасар Шола Ичигеев деген қариядан хакастың қызыл бөлімінің руларын жазып алады. Ол рулардың тізімінде жоғарыда аталған **Адай**, **Ақ адай, Көк адай** руларынан басқа Алшынның **Алаша, Алтын,Таз** рулары болған.[105]

Тыва Уикипедиясында 19 ғасырда алтай үрәңқайларының арасында Көк моншақ қосынында **адай** руының болғаны айтылады.[106]

Т. Үсенбаевтың «Алшын шежіресінде» Адайдың ұрпақтары ретінде Табын тайпасының Лабақ руы, Арғынның Алтай, Қарпық рулары, Қалмақтың Бұзау руы, Алшынның Төртқара, Байбақты, Қаракесек, Таз тайпалары кездеседі. Тағы бір қызығы Адай Байұлының құрамында болса, Адайдың құрамында Байұлы бар. Мұқанов пен Востров адай таңбаларын зерттеу арқылы бұл тайпаның әуелден белді тайпа екенін, оның қоластына әржақтан әртүрлі рулар кіргенін байқаған.[107]

«Процесс роста адаевского рода происходил, вероятно, на протяжении всей его долгой истории и объяснялся тем, что адаевский род даже в своем первоначальном виде представлял собой многочисленный и сильный род, под эгиду которого охотно подпадали слабые соседние роды или их части. Часть этих пришельцев принимала, возможно адаевскую тамгу, а часть- сохраняла свою».

---

[104] Г. Грумм-Гржимайло. Западная монголия и Урянхайский край. Ленинград, 1926 ж. 3-т. 15-б.

[105] http://www.khakasia.com/forum/index.php?threads/

[106] Тува-Википедия https://mn.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D1%83%D0%B2%D0%B0

[107] В.В. Востров, М.С. Муканов. Родоплеменной состав и расселение казахов. Наука, Алматы, 1968 жыл, 86-87 бб.

Бұл тарихшылардың айтуына қарағанда, Ұлы жүз руларының ішінде жекелеген Кіші жүз кірмелері бар.[108] Аталмыш ғалымдар оның себебін Кіші жүз тайпаларынының, оның ішінде адайлардың батысқа қайтып келгенше Түркістан жақта үш ғасырдай уақыт жүріп қалғанымен түсіндіреді. Шын мәнінде Ұлы жүз Дулаттың құрамында Құдайғұл, Бектеміс, Бұзау рулары бар. Бұл рулар Адайда да бар. Бірақ біз оларды Адайдан Дулатқа кірген рулар деп толық сеніммен айта аламыз ба?

Бір қызығы дәл осы рулар Алашаның құрамында бар. Онымен қоса Алаша руында Дулатта бар Жәдік руы да бар. Бұдан шығатын тұжырым, бұл рулар Кіші жүзден Ұлы жүзге кірген рулар емес, керісінше Ұлы жүзден Кіші жүзге өткен рулар.

Қауымдастық генетика мен тарихты ұштастырып жүрген ғалымдар осындай тұжырымдарды зерттесе құба -құп болар еді.




Адайлардың Орман елі болғанын осы картадан көреміз.

Қазіргі Ресейдің Иркутск облысында теңіз деңгейінен 1500 м биіктіктегі самырсын тайгасынан бастау алатын ұзындығы 41 шақырым Адай өзені бар,

---

[108] Сонда, 87-б.

ол Зима өзеніне құярдан бұрын Үлкен Адай және Кіші Адай болып, екіге бөлінеді. Адай халқы осы өзендердің бойын мекендеп, тайгада аңшылықпен айналысса керек.

## Беріш

М.С.Мұқанов пен В.В. Востровтың жазуына қарағанда Беріш Кіші жүздің ірі тайпаларының бірі. Олар Беріштің жайық, есенғұл, қаратоқай, құлкеш, бегіс, есен, жаңбыршы, себек, бесқасқа сияқты тоғыз рудан тұратынын, олардың бір бөлігінің аты Байбақты екенін жазады. Бұл тарихшылардың ойынша бір кездері осы Байбақтының бір бөлігі Беріштен бөлініп шығып, өз алдына дербес руға айналған. Олар Байбақтыны да Берішті де қыпшақ руы деп есептейді, оның дәлелі ретінде Египетке сұлтан болған Бейбарыс пен Қалауынның қыпшақтың буржоглы руынан екенін алға тартады.[109]

Бұл тұжырымды тексеру үшін генетикалық генеалогияның нәтижелерін қарап көрейік. Жақсылық Сәбитовтың аталмыш еңбегінің тіркемесіндегі кестеден ДНК-тест тапсырған Беріш пен Байбақтыларды іздейміз.[110] Олар төртеу екен- үш Беріш, бір Байбақты. Олардың гаплотобын қарасақ, екі Беріш пен бір Байбақты C3c1 болып шықты. Ол деген сөз олар Алшын кластеріне жатады- Орман елі, тек бір Беріш Есенғұл R1b1a1 екен. Демек, бұл тұжырымдар әлі де зерттеуді қажет етеді.

Сұлтан Бейбарысқа келер болсақ, ол **мамлюк**[111] еді.

Моңғолша құлды **буурж** дейді.[112] Буржоглы деп жүргеніміздің мағынасы «құлдан шыққан» болуы мүмкін.

Біздіңше Беріш атауының этимологиясы гидронимге байланысты. Шығыс Саян тауларының солтүстік беткейлерінен бастау алатын ұзындығы 629 шақырым Енисейдің оң арнасы Қан өзені бар. Сол Қан өзеніне құятын Үлкен және Кіші Беріж өзендерінің жағасында өмір сүріп, аңшылықты кәсіп еткен тайпалар Беріш деп аталған.

---

[109] В.В. Востров, М.С. Муканов. Родоплеменной состав и расселение казахов. Наука, Алматы, 1968 жыл, 102-103 бб.

[110] Ж. Сабитов. Этногенез казахов с точки зрения популяционной генетики The Russian Journal of Genetic Genealogy (Орысша нұсқа): 5-т, №1, 2013- ж.

[111] ( **Мамлюктер**- ортағасырлық Мысырда түркілерден (қыпшақ) және кавказдықтардан (гүржін, шеркес) шыққан жас **құл**дардан жасақталған әскери каста), https://ru.wikipedia.org/wiki/Мамлюки

[112] Б. Базылхан. Монгол-казах толь. Улаанбаатар өлгий, 1984 ж. 98-б.




## Байбақты

Байбақты шежіре бойынша Жан-Бақты, Дін-Бақты еншілестерімен бірлесіп Байбақты альянсын құрайды. Байбақты атауына байланысты топонимдер Саян-Алтай өлкесінде кездеспеді. Мұқанов пен Востров Байбақтыны Беріштен бөлініп шыққан ру деп есептейді. Ол туралы Беріш тарауында айтылды. Ескере кететін бір жәйт Байбақты тек Беріштің құрамында ғана емес, сонымен бірге Адайда, Төртқарада, Шөмекейде де бар.Байбақты атауын тарихи этнонимдерден іздесек, Рукн-әд дин Бейбарстың қолжазбасында 1293 жылы Алтын Орданың ханы Тоқтының түменбасы Ноғайдың ақыл- кеңесімен өлтіртілген 23 әмірінің бірінің есімі ретінде кездеседі.[113]

Екінші Байбақты- Ноғай Ордасының биі Жүсіптің 1551 жылы 14 қазанда Мәскеуге келген елшісі. Оның Иван IV-ге тапсырған хаты Орыс мемлекетінің елшілік материалдарының арасында сақталыпты.[114]

---

[113] История Казахстана в арабских источниках, 1-т. Алматы, Дайк-пресс, 2005ж. 98-б.

[114] История Казахстана в русских источниках. 5-т. Алматы, Дайк-пресс, 2007ж. 99-б

Байбақтының құрамында Алтай- Саяннан келген ру бар.




Ол- Қынық тайгасында аңшылықты кәсіп еткен халық, қынықтар.

## Шеркеш

Мұхаметжан Тынышбаев Алшын руларының іздерін Алтай тауларынан іздеген. Шеркештердің мекені жайында ғалым «Один из правых притоков р. Катуни, впадающей в Обь, называется Черкиш» деген еді.[115] Келесі бетте сол өзеннің картасын беріп отырмыз. Шеркештер осы өзеннің жағасында тұрып, тайгадан аң аулаған.

---

[115] М.Тынышпаев. Материалы к истории киргиз-казакского народа. Ташкент. 1925 ж. 21-б



1526,5
1072,1
1637,2
448,7
1660,5
1288,9
856,7
Еланда
1176,0
444,9
1484,6
463,7
781,2
1208,6
1310,0
1526,2
850,5
1484,6
1165,8
651,8

## Есентемір

Рашид әд-Диннің заманында барғыт руынан шыққан Есентемір деген мыңбасы болған:

*«Их называют баргутами вследствие того, что их стойбища и жилища [находятся] на той стороне реки Селенги,на самом краю местностей и земель, которые населяли монголы и которые называют Баргуджин-Токум.В тех пределах сидело множество [других] племен: ойрат, булагачин, кэрэмучин и другое племя, которое они называют хойин-урянка,-- также было близко к этим границам; каждое в отдельности имело начальника и предводителя.Чингиз-хан покорил всех их, и подробности об и хиположении приведены в [этой] истории. Из племени баргут в этом государстве [т. е. вИране] был Джур-джаган, атабек Аргун-хана; его женой [была] Булаган, а сыновьями: Таутай и Буралги-Кукелташ... Сыновья Таутая: Кутлуг-Тимур,* ***Эсэн-Тимур****, Булас и Хулкун, которые [ныне] состоят эмирами тысяч».*[116]

Есентемірдің әжесінің аты аңшылыққа байланысты- Бұлғын.

Барғыттар Баргузин өзенінің жағасындағы тайгада бұлғын аулауды кәсіп қылған. Бұл өңірдің бұлғынының терісі бүгінде әлемдегі аң терісінің ең қымбаты болып саналады.



*Бұлғын*



*Бұлғын ішік*




*Баргузин өзені картада*

***«Особенность баргузинского соболя***

*В природе существует несколько видов соболя, и все они делятся на несколько уровней по кряжу, цвету, седине и размерам. Баргузинский соболь является самым дорогим. Все дело в его особом цвете. Чем темнее цвет меха, тем ценнее шкурки и, следовательно, выше их стоимость. Мех баргузинского соболя имеет почти черный или темно-бурый цвет с седым*

---

[116] Рашид әд-Дин. Сборник летописей. 1-т. Ленинград, СССР ҒА баспасы,1952 ж. [121]

*или синеватым подшерстком, некоторые шерстинки очень светлые, что придает соболю неповторимую красоту».*[117]



*Баргузин өзені. Бурятия*

Бәлкім Есентемір руының атуы осы мыңбасы Есентемірге байланысты болар.

[117] http://www.shubitaly.ru/index.php/meh-bargusinskogo-sobolya.html

## Таз

Таз руының атауы да аңшылыққа байланысты екені жоғарыда келтірілді. Қазіргі Ресейдің Кемерово облысында Кузнец Алатауынан бастау алатын ұзындығы 77 км Үлкен және Кіші Таз өзендері бар, келесі картаны қараңыз.




Осы өзеннің бойында тұрып, тайгада аңшылықты кәсіп еткен халық Тас деп аталған, мағынасын ілгеріде келтірдік.

Бұл тайпа туралы «Моңғолдың құпия шежіресінде» де айтылады:

*« Шібір, Кесдім, Байыт, Тұқас, Теңлек, Төелес,* ***Тас****, Бажықыттан бергі орман ел-жұртын Жошы бағындырып, қырғыздардың түмендік, мыңдық нояндары мен Орман елінің нояндарын ертіп алып, Шыңғыс қағанға ақсұңқар, ақбозат, қара бұлғындарымен кездестірді».* [118] Таз руы қырғыздар мен башқұрттарда да кездеседі.

[118] Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері.1-т.Алматы, Дайк-Пресс, 2005ж. 299-б.

## Масқар

Грумм-Гржимайлоның Үрәңқай өлкесінде өткен ғасырда Масқар сумыны (біздіңше- ауыл әкімшілігі) болғаны туралы «Западная Монголия и Урянхайский край» деген еңбегінде жазғанын ілгеріде келтірдік. Оның әріптесі Потанин де сол өлкеде масқар руының бар екенін жазыпты, ол туралы Мұқанов пен Востров былай дейді:

*«Неизвестно в исторической литературе происхождение и рода маскар. Все наши попытки найти что-либо о нем почти ничего не дали. Единственное сообщение заинтересовавшее нас, следующее. Среди народностей Западной Монголии жили хотоны (часть племени дорбет)...Итак, среди семи родов хотонов, записанных Потаниным, есть род* ***маскар****».*[119]

Сонымен, Масқар руының Орман елі екенінде күмән жоқ.

Масқарлар Башқұрттың қытай тайпасында бар. Сонымен бірге масқарлар

92 баулы өзбектің тізімінде де аталады.

## Тана

Алтай-Саян жақта Тана атауына байланысты ешқандай топоним табылмады. Алайда Тананың құрамындағы Байғара руы Орман елінен келгенінің дәлелі бар. 20 ғасырдың басында Үрәңқай өлкесінде, Ха-кем өзенінің оң жақ жағалауында және Ұлы-кем өзенінің бойында Пайғара руы өмір сүргені туралы Г.Е.Грумм-Гржимайло жазған. [120] Бұл рудың адайлардың құрамында да бар екендігі таналар мен адайлардың бір заманда қатар көшіп- қонғандығын аңғартады.

## Алтын-Жаппас

Әдетте шежірелерде Алтын мен Жаппас бірге айтылады. Алайда бұлар бір-бірінен дербес рулар. Алтын руының Алтай жақтан екеніне еш күмән жоқ. Себебі ілгеріде айтылғандай, алтындар, Страленберг бойынша 18 ғасырда қызыл хакастардың ішінде болған.

---

[119] В.В. Востров, М.С. Муканов. Родоплеменной состав и расселение казахов. Наука, Алматы, 1968 жыл, 95-б.

[120] Г. Грумм-Гржимайло. Западная монголия и Урянхайский край. Ленинград, 1926 ж. 3-т. 12-б.

Алтай республикасында жағасында төлес тайпалары мекендеген Төлес көлі бар. Табиғаты сұлу бұл көлдің екінші аты- Алтынкөл. Көлдің батыс жағындағы тау жоталары Алтынту деп аталады.

Алтын руының атауы содан шыққан болар деп болжаймыз.




Жаппас руына байланысты Алтай- Саян өлкесінде еш топоним кездеспеді. Алайда ілгеріде қаракесектің құрамында үңгіт руы Орман елі ретінде аталып еді. Сол үңгіт(оңғыт) жаппастың да құрамында бар, сондықтан жаппасты да орман еліне қатысы бар деп айта аламыз.

## Қызылқұрт

Қызылқұрт руын зерттеген М. С. Мұқанов пен В. В. Востров былай деп жазады.

*«Род кызылкурт не фигурирует нив одном из ранних источников. Нет его и в списках родов Младшего жуза., составленных М. Тевкелевым и чиновником Оренбургской пограничной комиссии ларионовым. Впервые мы встречаем этот род в составе Младшего жуза у А. Левшина.*

*По родословной, проводимой М.Тынышпаевым, мы видим, что род кызылкурт имел три подрода : емрей, олжашы, ерши. По данным Бларамберга и нашим полевым материалам в нем не три, а четыре*

*подрода. Кроме указанных выше есть еще четвертый подрод-* ***суба (саба),*** *что мы считаем наиболее верным...*

*Наличие различных тамг свидетельствует о том, что этот род смешанного происхождения и, как нам кажется, совсем недавнего.*

*Какие же компоненты вошли в него?*

*Об этом, прежде всего можно судить хотя бы по тому факту, что кызылкурт как подрод есть у рода тама Младшего жуза и точно такой же подрод есть у рода ойык племени ысты (Старший жуз). Причем с последним у них сходны даже тамги - / (косеу).*

*Два этих факта позволяют с некоторой долей достоверности предположить, что род кызылкурт является выходцем из племени ысты и что его часть, отделившаяся когда-то, присоединилась в качестве подрода к роду тама.*

*Не исключены, конечно, и другие варианты сложения этого рода, ибо достоверных сведений о его происхождении мы не имеем, но в любом случае наличие родства, между кызылкурт, тама и ысты полностью отрицать нельзя.*

*У киргизского племени саруу , в подразделении жетауруу есть род кызылкурт. Сейчас трудно это сказать простое ли это совпадение*

*этнонимов или свидетельство их родства. Это вопрос будущих исследований».* [121]

Біздің пікірімізше, Қырғыздың Қызылқұрты мен Алшынның Қызылқұрты туыстас. Олар 13 ғасырға дейін Саян-Алтайда аралас- құралас тұрды.

Алшын Қызылқұрты  Орман елінен келгенінің дәлелі- оның құрамында аталмыш суба-саба ( «Алшын шежіресі» бойынша және дұрысы- соба) руының болуы. Соба руының атауы- аңшылыққа байланысты, моңғолшадан аударғанда кәмшат деген сөз. [122] Орыстың«соболь» сөзі осыдан шыққан.

Қызылқұрттың Алтай-Саян жақтан келгенінің тағы бір дәлелі мынау. Қызылқұрттың құрамында Жайық руы бар. Ол ру- Алшынның Беріш, Шеркеш, Адай, Қаракесек сияқты тайпаларында бар.

---

[121] В.В.Востров. М.С.Мұқанов. Родоплеменной состав и расселение казахов. Алматы, Наука, 1968 ж. 99-б.

[122] Б. Базылхан. Монгол-казах толь. Улаанбаатар өлгий. 1984 ж.415- б.

Қызылқұрттың құрамында Андағұл руы бар, ол Алшынның Шектісінде, Шөмекейінде, Төртқарасында, Берішінде, Шеркешінде бар

Бұдан шығатын тұжырым, Қызылқұрт- Орман елінен келген Алшын тайпасы.

**Ысық**

Саян- Алтай өлкесінің карталарынан Ысыққа байланысты еш топоним кездеспеді.

## АЛШЫН ШЕЖІРЕЛЕРІНДЕГІ МАҢҒЫТ КОМПОНЕНТІ

### Сирақ

Алшын шежірелерінде Қалу (Мәку) деген кейіпкер бар. Ол жаугершілік заманда құм ішінде адасып қалып қояды, оны Шектінің ұлы Шыңғыс (Жақайым) тауып алып, асырап, үйлендіреді. Көп ұзамай Қалу қайтыс боп кетеді, одан Бөлек деген ұл қалады, одан Айт, Бұжыр туады. Айттан- Тілеу, Қабақ, ал Бұжырдан- Назар, Шүрен және Жекей туады. Қалу өлер алдында *«Әкесінің аты — Сирақ, оның әкесі Ноғайлы Мұсахан Едіге батырдың төртінші ұрпағы (шөпшегі).Мұсаханның бәйбішесінен Орақ, Мамай, Алшағыр, Сирақ, ал тоқалынан Ысмайыл (Әнжі Ысмайыл деп аталған алаяқ еді дейді), Шамай, Арыстан, Қабылан, Аймамбет, Саймамбет, Қонақ — он бір баланың бірі Сирақтан туғанын айтыпты дейді»*[123]

Алшын тарихын зерттеушілер Сирақтың маңғыт биі Сейд- Ахмет екеніне шүбә келтірмейді.

*«Кіші жүздің шежірелеріне сүйеніп Қалудың ата-тегін былай келтіруге негіз бар. Қалу (Мәку) ол Сейд Ахмедтің ұлы, ол Мұсаның ұлы, ол Уаққастың ұлы, ол Нұр-әд-Диннің ұлы, ол Едігенің ұлы. Шежіреде Қалудан туған Бөлекті ақсүйектен туған, атотегі әруақты жан десе, қайсыбірі оны Жаманақтың (Шектінің) ұлы Өрістен тудырады да, Қалуды атамай кетеді, үшінші бір шежіреде Бөлек батырды босағада жүрген басыбайлы құлдың ұлы деп көрсетеді. Сөйтіп, бұның да атотегін көмескілеп жібереді. Өйткені, Қалудың атотегі көмескіленгеннен кейін, әрине, Бөлектің де тегі белгісіздеу болып айтылады ғой. Қалай десек те, бұлардың тегі шежірелерде түзілген аңыз-әңгімеге тоғысады, ал ол шындыққа жетелейді. Тоқ етері Кіші жүздің Алты аталы «Алым» ұлысындағы үлкен аталықтың – Қабақ пен Тілеудің арғы атасы Қалу екені анық. Оның Сейд*

[123] Т.Үсенбаев.Алшын шежіресі.Қызылорда,Тұмар, 2003 ж. 246-б.

*Ахметтен шығатынына біз күмән келтіре алмаймыз. Ал Тілеу, Қабақтың тарихы анықталған жәйт, оны ешкім де дау-дамайға салмайды. Бұған бір-екі дәлелді осы арада бере кетейік.*

*Қазақстандық белгілі ғалым, профессор М. А. Құл-Мұхаммед Кіші жүздегі Шекті Мөңке би Тілеуұлының ғұмырнамасын саралай келіп: «Шекті шежіресіндегі Қалудың әкесі- Сирақ (дұрысы Сейд Ахмед, лақап аты Сейдақ, Шидақ, Сирақ), оның әкесі Ноғайлының ханы Мұса хан еді. Мұсаның ұлы Сирақ», деген деректі Қадырғали Жалайыридың «Жамиғ ат-тауарих» шежіресінен алғанын айтады».*[124]

Ноғай Ордасын бүге-шігесіне дейін зерттеген Ресей ғалымы В. В. Трепавлов бойынша Сейд Ахмет- Ноғай ордасының биі, Едіге бидің ұрпағы. Оның генеалогиясын ғалым былай келтіреді: **Едіге** - Нур-эд-Дин– Уаққас – Мұса-**Сейд Ахмет**. Сейд Ахмедтің ұлдары- Сүйіндік, Жауғашты, Мамай, Исламғази, Атай, Келмұхамед, іштерінде Қалу жоқ. [125] Алайда ғалым татардың бір шежіресінен алынған үзіндіде Мұсаның ұлдарының тізімін келтіреді, оның ішінде Қалау Сидақтың ұлы емес, ағасы деп берілген.

*«К фольклорным источникам относятся и народные генеалогии. Одно из татарских шеджере, обнаруженных М.И.Ахметзяновым, рассказывает, что «от Мусы родились **Калау**, Мамай хан, Хан Исмагиль хаильче, Альсагир хан, Айданле Урак хан, Султан **Сайдак**, Нартылы желтый Юсуп, Сары, Мамай шейх, Ямгырчи» (Ахметзянов М. 1991а, с.84)*

*Подобные генеалогические перечни в XVII в. стали включаться в родословия российских княжеских родов ногайского происхождения. Они обретали официальность и считались надежным хранилищем сведений о предках».*[126]

Қалу туралы ресми деректердің кездеспеуі заңды, себебі ол маңғыт емес. Қалу есімі аңшылыққа байланысты, моңғолшадан аударғанда «қаз» дегенді білдіреді деп алдыңғы тарауларда айттық. Демек Қалу алшын.(Алшынның қаракесегінде де Қалудың кездесуі дәлелімізді күшейтеді.) Қалу туралы аңыздың мынадай тарихи астары бар.

Ғалым Трепавловтың айтуы бойынша 1530 жылдары Ноғай Ордасының билері саяси реформа жасап,Сейд Ахмедті хан орнына (хан бола алмайды- Шыңғыстың ұрпағы емес), Шейх-Мамайды қалға орнына, Қажы-Мұхамедті беклерібек орнына сайлайды.

---

[124] Аманбай Құнтөлеуұлы әл-Құланды. Едіге би және Ноғай Ордасы. Алматы, Дәуір, 2013 ж, 307-б.

[125] В.В. Трепавлов. История Ногайской Орды. Москва, Восточная литература, 2002 ж. 656-б.

[126] Сонда, 144-б.

1540 жылдардың басында Шейх-Мамай билікке таласып (*аңыз бойынша жаугершілік заман*), Сейд Ахмедті Хорезм жаққа көшуге мәжбүрледі.

Жоғарыдағы аңыздағы Қалу- Сейд Ахметпен бірге көшкен алшындардың псевдонимі, немесе сол алшындардың көсемі. Ол заманда Ноғай Ордасы мен Хорезмнің арасы елсіз қу мекиен дала еді (*аңыз бойынша құмның іші*). В. Трепавлов бойынша *«Тот период когда за Яиком расположились улусы Саид-Ахмета , запечатлен у С.Герберштейна: «На расстоянии двадцати дней от (государя) Шидака к востоку встречаем народы, которых московиты называют юргенцами» (Герберштейн 1988, с.180), т.е. ургенчцами- хорезмскими узбеками. Стало быть, между Ногайской Ордой и Хорезмом располагалось безлюдное степное пространство».*[127]

Сейд Ахметке ілескен Алшындар Хорезмді жерсінбеді (*аңыз бойынша- адасты*). Себебі Хорезм диқаншылыққа қолайлы, көшпелі мал шаруашылығына қолайлы емес. Арада 70-80 жыл өтіп, (*аңыз бойынша Қалу қайтыс болып*) олар Алтыұл ұлысына бөлек тайпа ретінде (*аңыз бойынша Бөлек деген ұл туылып*) қосылды. Бұл екі аралықта Шейх-Мамай қайтыс болып кеткен, оның алты ұлы - Хан, Қасым, Бай, Ақ, Бек және Би де қаза болған. Алтыұл ұлысының билігі Қасымның (Қасайдың) ұлы Шейх-Мұхамедтің (*аңыз/шежіре бойынша Жақайымның*) қолында еді.

## Жақайым

«Алшын шежіресі» бойынша Жақайымның ататегі былай таркатылады:

Алау батыр- Қыдуар тентек- Алқожа- Кәдірқожа- Қаракесек- Әлім- Жаманақ (**Шекті**)- Шыңғыс- **Жақайым**. Жақайым деп аталып кеткен **Шейх-Мұхамед** (Шайнек, Шахим, Шайым) алшын емес маңғыт, Ноғай Ордасының биі Едігенің ұрпағы, Шейх-Мамайдың Алтыұлының бірі Қасымның (Қасайдың) ұлы.

Қасайдың В.Трепавлов бойынша Жақайымнан басқа Амандық, Ақмұхамед, Құлай, Сұлтанай деген ұлдары болған.

Жақайымның тарихи генеалогиясы мынадай:

---

[127] В.В. Трепавлов. История Ногайской Орды.Москва,Восточная литература,2002 ж, 179-б

Едіге- Нур-əд-Дин– Уаққас – Мұса- Шейх-Мамай- Қасым- Шейх-Мұхамед. Жақайымның Хорезм (Үргеніш, Хиуа) билігімен қарым-қатынасы туралы ғалым В.Трепавлов былай жазады:

*«Связи между родом Шейх-Мамая и ургенчскими (хивинскими) династами сложились прочные. Среднеазиатский хронист XIXвека Мунис пишет, что мирза Шейх-Мухамед был воспитан при дворе хана Араб-Мухаммеда. Во время распри последнего с собственными сыновьями Хабашем и Ильбарсом Шейх-Мухамед не оставался в стороне. Он схватил разгромленного отцом Хабаша, который пытался найти убежище у Алтыулов, и выдал на верную смерть Исфендиару б. Араб-Мухамеду, сохранявшему верность хану».*[128]

Жақайымның Араб-Мұхамед ханмен жақсы қарым қатынаста болуы Хорезмдегі алшындарды (Бөлектерді) өз ұлысына еш кедергісіз қосып алуына септігін тигізді деуге болады.

## Жаңбыршы

Жаңбыршы «Алшын шежіресінде» (Т. Үсенбаев) Шеркештің де Берiштiң де шөбересі болып келе береді:

1. Алау батыр-Қыдуар тентек- Асанқожа- Қыдырқожа- Қыдырсиық- **Шеркеш**- Аққұба- Шумақ- **Жаңбыршы.**

2.Алау батыр-Қыдуар тентек- Алқожа- Сәдірқожа- **Беріш-** Байбақты-Асылбас- **Жаңбыршы.**

Тарихи деректерге жүгінсек Жаңбыршы- маңғыт, Ноғай Ордасының биі, Едігенің шөбересі: Едіге- Нұр-əд-Дин- Уаққас- Жаңбыршы.

## Ағыс

Ағыс «Алшын шежіресі» (Т. Үсенбаев) бойынша былай тарқатылады:

Алау батыр- Қыдуар тентек- Алқожа- Кәдірқожа- Қаракесек- Әлім-Жаманақ (**Шекті**)- Шыңғыс- Жақайым- **Ағыс.**

Ағыс тарихи деректер бойынша **(**маңғыт биі Жаңбыршының ұлы) былай тарқатылады: Едіге- Нұр-əд-Дин- Уаққас- Жаңбыршы- Ағыс.

---

[128] Вадим Трепавлов. Алтыулы: остатки Ногайской Орды в Казахских степях. 45-б. http://cyberleninka.ru/article/n/altyuly-ostatki-nogayskoy-ordy-v-kazahskih-stepyah

## Көгіс

Көгіс -«Алшын шежіресі» бойынша Ағыспен бірге туған, Жақайымның ұлы, ататегі-Алау батыр- Қыдуар тентек- Алқожа- Кәдірқожа- Қаракесек- Әлім- Жаманақ (**Шекті**)- Шыңғыс- Жақайым- **Көгіс**.

Көгіс шын мәнінде маңғыт мырзасы, Едігенің шөбересі Жаңбыршының ұлы, Ағыспен бірге туған. Оның ататегі мынадай: Едіге- Нұр-әд-Дин- Уаққас- Жаңбыршы- Көгіс.

## Шағыр

Шағырдың «Алшын шежіресі» бойынша ататегі:

Алау батыр- Қыдуар тентек- Алқожа- Кәдірқожа- Қаракесек- Әлім- Жаманақ (**Шекті**)- Шыңғыс- Жақайым- Ақбура- **Шағыр**.

Шежіредегі Шағырымыз шынтуайтында Едігенің шөбересі, Мұса бидің ұлы Әлшағыр би. Ол Едігеден былай тарқайды:

Едіге- Нұр-әд-Дин- Уаққас- Мұса- Әлшағыр.

«Алшын шежіресінде» Әлшағыр да бар, ол Шөмекейдің ішінде: Алау батыр- Қыдуар тентек- Алқожа- Кәдірқожа- Қаракесек- Шөмен- **Шөмекей**- Көнек- Көнекбай- **Алшағыр**.

## Жауғашты

«Алшын шежіресінде» Жауғашты Байбақтыдан да, Шеркештен де, Шөмекейден де тарайды:

1. Алау батыр...**Байбақты**- Батақ- **Жауғашты.**

2. Алау батыр...**Шеркеш**-Аққұба- Есқара- Зорсары- **Жауғашты**.

3. Алау батыр...**Шөмекей**- Бозғұл- Көлдей- Балқы- Болат- **Жауғашты.**

Мұндағы Жауғаштымыз маңғыт биі Мұсаның ұлдарының бірі, Ноғай Ордасының мырзасы Жауғашты. Оның шежіресі мынадай: Едіге- Нұр-әд-Дин- Уаққас- Мұса- Жауғашты.

# **Қасай**

«Алшын шежіресінде» Қаракесектің ұрпағы болып келетін де, Шөмекейдің ұрпағы болып келетін де Қасай бар. Мұндағы Қасай деп отырғанымыз- Ноғай Ордасының тарихында **Алтыұл** деп аталған Шейх-Мамайдың алты ұлының бірі- Қасым, оның ататегі Едіге- Нұр-эд-Дин- Уаққас- Мұса- Шейх-Мамай- Қасым.

Шежіреде Қасай былай тарқатылады:

1. Алау батыр...**Қаракесек**- Есіл- Үңгіт- Жақау- **Қасай.**

2. Алау батыр...**Шөмекей**- Бозғұл- Көлдей- Келдібай- Асан- Сейін- **Қасай.**

**Алтыұл** ұлысы туралы ғалым В.Трепавлов былай дейді:

*«Буквальное значение утвердившегося в литературе наименования крайних восточных улусов, которые отделились от Ногайской Орды, Алтыулы, несомненно, — «Шесть Сыновей». Подразумеваются отпрыски Шейх-Мамая - Хан, **Касым,** Бай, Ак, Бек и Бий. Впрочем, некоторые исследователи пытались отыскать иную этимологию:*
*шесть аулов (алты авыл), шесть айлов (алты айлык), шесть Кыпчакских племен... Возводили это словосочетание и к никогда не существовавшему мирзе Алте бин Урусу .*

*Понятие «Алтыулы» в русских документах появляется и утверждается в начале XVII века. До того, во второй половине XVI века, применялись синонимичные выражения «Шесть Братьев», «Шесть Сыновей» и «Шесть Мирз». Первое употребление словосочетания «Шесть Сыновей» («у Шти Сынов», то есть буквально Алты улы) замечено мною в грамоте мирзы Бека бин Шейх-Мамая царю Ивану IV, доставленной в Москву 8 июня 1581 года. До этого речь всегда велась о шести братьях Шихмамаевичах, которые, в свою очередь, впервые упомянуты в донесении посла Е. Мальцова, побывавшего у бия Исмаила летом 1559 года («...а шесть братов... Шихмамаевы дети — на Яике»), а также в синхронной грамоте Исмаила Ивану IV.*

*Уже с самого начала все эти наименования были условны, так как после гибели Хана бин Шейх-Мамая в 1549 году братьев осталось пятеро, после гибели Касыма в 1555 году — четверо, после смерти Ака в 1580 — трое. Но сами члены рода Шейх-Мамая продолжали пользоваться формулами «Шесть Братьев» и «Шесть Сыновей» для всех потомков этого бия (которых уже в 1556 году набиралось тридцать человек). И Большие Ногаи тоже принимали эту условность, говоря о «Шести Мирзах», насчитывавших пятнадцать человек .*

*Первое упоминание о зоне кочевания улусов левого крыла Ногайской Орды после Шейх- Мамая относится к ноябрю 1549 года:Касым с братьями кочует «на реке на Сыре (Сырдарье. — В. Т.) Казацкои Орде». За этим кланом закрепилась территория Западного Казахстана, и*

*впоследствии бий Иштерек присягал царю, в частности в том, что «за Яиком по реке по Еми и за Емью и по Сырту (здесь — Сырдарье. — В. Т.) ... мне... не кочевати». Здесь очерчена область Алтыулов, потому что Иштерек, напомним, тогда же рассказывал воеводам, что при Исмаиле «Шихмомаево родство учали кочевати по Яику и за Яиком, по Еми реке и по Сыру реке».*

*Как видим, первоначально клан Шейх-Мамая кочевал, в том числе на приуральских пастбищах. Однако в 1570–1580 годах улусы отошли с Яика на восток, спасаясь от казачьих набегов, и западным рубежом владений Алтыулов стала Эмба. Эта река фигурирует в документах как граница, за которой начинались алтыульские степи».*[129]

Біздің алшын шежірелерінде **Алты Әлім** деп жүргеніміз осы Алтыұл ұлысының халқы. Алты Әлім алшындары 1630 жылдардан кейін қазақ «азаматтығын» ала бастады. Оны В.Трепавловтың мына абзацынан көруге болады.

*«В конце 1630-х годов во время обострения раздоров в Мавреннахре в их кочевья в очередной раз хлынули беженцы –узбеки.(Бұл иммигранттар-Марқадам, Шадес, Мәделі, Иман, Қосқұлақ, Түйте, Күре т с.с. туралы «Алшын шежіресінің» Жақайым тармағында айтылған - С.Д.) Но самостоятельной политической силы Алтыульская Орда уже не представляла. Вскоре ее пастбища стали постепенно заселяться казахами».*[130]

Трепавлов ноғай елі мен қазақ елі бір-біріне 17 ғасырдың аяғында-18 ғасырдың басында толық сіңісіп болды дейді.

*«В результате нескольких волн переселений XVI-XVII веков ногайский элемент прочно закрепился в составе казахского этноса...Полное «растворение» потомков ее жителей среди казахов произошло, видимо, в конце XVII- начале XVIII века, когда, спасаясь от джунгарского нашествия, казахи-кочевники хлынули с востока в приуральские степи».*[131]

Ресей ғалымының бұл пайымдауын Аманбай Құнтөлеуовтың «Аталар аруағы» тарихи эссесінен мына төмендегі үзінді де толықтырады.

*«Қазақстан мемлекеттік мұражайында сақталған он сегізінші ғасырдың бірінші жартысындағы орыс-қазақ қатынастарына байланысты және Бақтыбай биге қатысы бар екі құжатты ақтарғанымызда, одан аңғарғанымыз мынау. Орыс патшасының Орынбор губерниясындағы*

[129] В. Трепавлов. Алтыулы: остатки Ногайской Орды в Казахских степях,36-37бб. http://cyberleninka.ru/article/n/altyuly-ostatki-nogayskoy-ordy-v-kazahskih-stepyah

[130] Сонда, 46-б.

[131] В. Трепавлов. Алтыулы: остатки Ногайской Орды в Казахских степях 49-б. http://cyberleninka.ru/article/n/altyuly-ostatki-nogayskoy-ordy-v-kazahskih-stepyah

*кешендік инженері Иван Ригельман мен тілмәш Яков Гуляев өздерінің 1750 жылғы 7 маусымдағы Орынбор губерниясының іс жүргізу бөліміне жолдаған мәлімдемелерінде былай деп жазады: «Осы жылдың 19 мамырында Қарасу өзенінің бойындағы Хан ордасынан шығып, біз Нұралы ханның, оның шешесі Бопай ханшаның жазғы жайылымы болған Темір өзеніне 23 мамырда келіп жеттік. Осы жерде Нұралы шешесі Бопайға, інілері Ералы және Айшуақ сұлтандарға біздің келген жұмыстарымызбен толық таныстырды...Нұралы хан осы аталған інілерімен және патшаның шенеуніктерімен осы күндерде (шамасы бұл күндер 23 мамыр мен 1 маусымның аралығы) Шекті руының Бақтыбай биінің үйінде қонақта болған. Осы қонақасыға Кіші жүздің көптеген билері қатысқан. Қарасақал руының биі Тілепберген осы қонақасының үстінде Нұралы хан мен оның інілеріне, барлық Кіші жүздің билеріне былай дейді: «Осы біздің отырған жерлеріміз бұрынғы біздің ата –бабаларымыз шыққан ноғайлардың қонысы, олардың (ноғайлардың- А. Қ.) алауыздығы мен бастары біріκпегендігі салдарынан құрып кетті, жері бос қалды. Осы жерге бізді кешегі парасатты, ақылы мол марқұм Әбілқайыр хан Түркістан жерінен көшіріп әкеліп, өзінің көрегендігімен орыс патшасының қол астына өткізіп, біздің бейбітшілігіміз бен тәуелсіздігімізді сақтады. Олай дейтінім, кешегі Сары Мәжі басқарған Жоңғар қалмақтарының шабуылында біз Ор және Жайық өзендерінің бойын жайлап аман қалдық. Егер де осы күшті орыс патшасына Әбілқайыр өзінің баласы Ералы сұлтанды кепілдікке беріп, бізді Ресейдің қол астына көшірмегенде кім біледі, біздің жағдайымыздың не боларын» деп, бұ дүниеден өткен Әбілқайырды жылы лебізбен еске алды. «Біз әрі қарай ауыз бірлігімізді сақтап, халықтың қамын ойлауымыз керек. Тоз-тоз болып бөлектеніп кетсек, бізді жау оңай алады, онда жерімізден де, ата қонысымыздан да айырыламыз» деп Тілепберген би ойын аяқтаған».*[132]

Жоғарыдағы В.Трепавлов пен А.Құнтөлеуовтен келтірілген үзінділерден бір кездегі Ноғай Ордасының алшындары екі бөлініп кетіп, кейіннен Түркістанда жүрген Алтыұл-Әлімұлы алшындарының Жайық жағасындағы Байұлы алшындарына 1720 жылдары қайта қосылғанын байқаймыз. Бұдан Кіші жүздің қалыптасуы осы жылдары аяқталды деп тұжырымдауға болады. Сондықтан да Алшын шежірелерін дереккөз ретінде пайдаланатын ғалымдар 1720 жылдың арғы жағын қамтитын ақпаратқа сын көзбен қарағаны жөн, себебі ол кезеңде бір ру өз тайпасынан бөлініп, екінші

---

[132] Аманбай Құнтөлеуов. Аталар аруағы. Алматы, Қаржы-қаражат, 1997 ж. 77-78 бб.

тайпаға қосылып, екінші бір тайпаның рулары үшінші тайпаға қосылып жатты. Сөзім дәлелді болу үшін екі мысал келтірейін.

Менің жетінші бабам Бақтыбай Шектінің ұраны болған, Шектінің батыры әрі биі, 1698-1767 жж. өмір сүрген тарихи тұлға деп ілгеріде айтып өттім. Қазіргі күні Аманбай Құнтөлеуов,Әбілаһим Шаншарұлы, Оразбай Әділбаев сияқты шежіреші ақсақалдардың арқасында Бақтыбай батыр ұрпақтарының бірнеше шежіресі жарық көрген, ондағы генеалогиялық кестелерге Бақтыбайдан өрбіген 18 ғасырдан бергі бүкіл ұрпақ енгізілген. Алайда бұл шежірелерде Бақтыбайдың әкесі туралы мардымды ақпарат жоқ. Тек әкесі Төлес Бақтыбайдың жас кезінде қайтыс болған деп атүсті айтылады. Бұл шежірелер бойынша Төлес Тілеу-Қабақтың Қабағынан туады. Ал енді Қаракесектің шежірелері бойынша керісінше Тілеу мен Қабақ Төлестен туады. Төртқараның шежіресінде Тілеу мен Төлес тіпті немере ағайын болып келеді, шежірешілер Андағұлдан Тілеуді, Сейітқұлдан Төлесті тудырады. Алаша шежіресінде Төлес жоқ, бірақ Тілеу мен Қабақ бар, олардың әкесінің есімі Айт емес, Ати. [133]

1720 жылдардан бұрынғы кейіпкерлерге байланысты мұндай қайшылықтар Алшын шежірелерінде толып жатыр.

Екіншіден, аталған дәуір кейіпкерлерінің есімдері шежірелерде бір мезгілде бірнеше адамның ұрпағы ретінде кездесе береді. Оның мысалы жеткілікті, қараңыз.

Байұлы есімі- Алшында, Адайда,

Байбақты- Байұлында, Беріште, Адайда, Төртқарада, Шөмекейде,

Таз- Байұлында, Алтында, Адайда, Қырғызда, Башқұртта,

Қызылқұрт- Байұлында, Тамада, Ыстыда,

Тана- Байұлында, Жаппаста,

Шекті- Әлімде, Арғында,

Қаракесек- Әлімде, Адайда, Арғында, Қырғызда,

Төртқара- Әлімде, Адайда,

Қоңырбөрік- Беріште, Алашада, Албанда,

Қалу- Шектіде, Қаракесекте,

Айт- Шектіде, Төртқарада, Албанда,

Маңғытай- Шөмекейде, Қарасақалда, Қоңыратта,

---

[133] Хисмет Табылдиев, Ақылбек Қалмұратов. Кіші жүз рулары(шежіресі мен тарихы) Алматы, «Ер-Дәулет»,1994 жыл, Теңізбай Үсенбаев. Алшын шежіресі. Қызылорда, «Тұмар»,2003 жыл

Киікші- Шөмекейде, Кетеде, Қоңыратта,

Төлес- Шектіде, Шөмекейде, Қаракесекте, Қарасақалда, Рамаданда, Қырғызда, Алтайлықтарда, Тывалықтарда,

Үңгіт- Қаракесекте, Жаппаста,

Қосқұлақ- Шектіде, Шөмекейде, Адайда,

Андағұл- Шектіде, Шөмекейде, Төртқарада, Беріште, Шеркеште, Қызылкүртта, Рамаданда,

Құдайқұл- Байбақтыда, Алашада, Дулатта, Шөмекейде, Адайда, Қарасақалда,

Шоң- Шектіде, Шөмекейде, Қаракесекте, Адайда,

Қаратамыр- Есентемірде, Шөмекейде,

Тілеу мен Қабақ- Шектіде, Қаракесекте, Төртқарада, Алашада,

Асан, Үсен- Шектіде, Қарасақалда, Адайда,

Баубек- Шектіде, Шөмекейде,Төртқарада, Қарасақалда, Кетеде,

Хангелді- Шектіде, Адайда, Албанда, Қарақалпақта, Қырғызда, Башқұртта,

Сейтқұл- Шектіде, Төртқарада, Адайда,

Добал- Шөмекейде, Төртқарада,

Ораз- Қаракесекте, Төртқарада, Алтында,

Назар- Шектіде, Қаракесекте,

Айдарбек- Шектіде, Төртқарада,

Пұсырман- Шектіде, Қарасақалда,

Қайдауыл- Қаракесекте, Алтында,

Жайық- Қаракесекте, Беріште, Шеркеште, Адайда, Қызылқұртта,

Байғара- Танада, Адайда, Тывалықтарда,

Лабақ- Табында, Адайда,

Итемген- Қарасақалда, Адайда,

Шіңгір- Шектіде, Қарасақалда, Алтында,

Аю- Шөмекейде, Кетеде, Төртқарада,

Ағысай- Шөмекейде, Қоңыратта,

Күнту- Шөмекейде, Дулатта,

Матай- Төртқарада, Найманда,

Қарпық- Адайда, Кетеде, Арғында,

Жәдік- Қарасақалда, Шөмекейде, Алашада, Дулатта, Керейде,

Бектеміс- Адайда, Алашада, Төртқарада, Дулатта,

Бұзау- Адайда, Алашада, Дулатта, Қалмақта,

Батақ- Байбақтыда, Алтында,

т.с.с. кездеседі.

Бұдан мынадай тұжырым жасауға болады. Бір адам бір дәуірде бірнеше адамның ұрпағы бола алмайтындықтан, бұларды кісі есімдері деу жаңсақ пікір. Бұлар бір-бірімен араласып, қайнасып, сіңісіп кеткен **қарға тамырлы қазақтың** ру-тайпалары.

Сонымен, 1207 жылға дейін Орман елі болған Алшындар 1720 жылдары Қазақ еліне түбегейлі қосылды. Олардың Евразия кеңістігіндегі көш жолын былай бейнелеуге болады:

-Орман елі- Жошы елі- Ноғай елі- Қазақ елі-

## МӘҢГІЛІК ЕЛ

Барлық қазақ жүздері, тайпалары, ру бірлестіктері, оның ішінде Алшындар да, құрылу кезеңінде сан-алуан рулардың конгломераты еді. Белгілі бір тұрақты жүйеге қалыптасқаннан кейін де қазақ халқы ақтабан-шұбырындыға, сауран-айналғанға, үркіншілікке, кәмпіскеге, ашаршылыққа, асыра сілтеушілікке, волюнтаризмге, т.с.с. түрлі тағдыр тәлкегіне байланысты судай сапырылды. Соған қарамастан шежіресін, жеті атасын, руын білуге талпыну тек біздің халқымызға тән құбылыс сияқты. Ру тарихын қазақ тарихымен байланыстыра зерттеп білу қазақ елін ажырату үшін емес, керісінше бірлестіру үшін қажет. 1991 жылдан кейінгі жаңа мүмкіндіктер дәуірінде қарға тамырлы қазақ мәңгілік ел идеясына ұйысып бірлесіп, әлем көшінде өзіндік із қалдыра алмаса елдігімізге сын.

## Пайдаланылған әдебиет пен дереккөздер

1. Ж. Сабитов. Этногенез казахов с точки зрения популяционной генетики. The Russian Journal of Genetic Genealogy (Орыс нұсқасы) 5 том, №1, 2013 ж.,
2. Ғ.Баимбетов,Н.Баймұқанов, И.Туремуратов Гаплогруппа C-M48 [FTDNA: C3c; ISOGG: C2b2] Субклады. Кластеры. Миграционные процессы. Этногенез казахов: историко-генетический аспект. Shejire DNA. Алматы 2014 ж. ISBN 978-601-06-3036-9
3. Б. Базылхан.Монгол-казах толь(Моңғол-қазақ сөздігі)Улаанбаатар өлгий.1984 ж.
4. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері.1-т. Алматы. Дайк-Пресс, 2005ж.
5. Рәшид әд-Дин «Сборник летописей» 1-том.Ленинград. СССР ҒА баспасы.1952 ж.
6. М. Тынышпаев.Материалы к истории киргиз-казакского народа, Ташкент.1925 ж.
7. Г. Грумм-Гржимайло. Западная Монголия и Урянхайский край. Ленинград, 1926 ж. 1-3томдар.
8. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. 1-том. Алматы. «Дайк-Пресс».2005ж.
9. Аманбай Құнтөлеуұлы әл-Құланды. Ұранға шыққан Бақтыбай. Алматы, Дәуір, 2010 ж.
10. Ала ад-Дин ата-Мелик Джувейни. История завоевателя мира- Тарих-и джахангуша. О порядках заведенных Чингис ханом после его появления, и о ясах, кои он повелел. пер. В. Ф. Минорского. О составе Великой Ясы Чингис Хана. Вернадский Г.В. Исследования и материалы по истории России и Востока. вып. 1.Брюссель,1939 ж.
11. В. А. Чивилихин..Память. Москва, Алгоритм, 2007 ж.
12. Т. О. Омарбеков. Алшын атауының мәні мен мазмұны. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. №4 (27), 2010 ж. №1(28) 2011ж.
13. В.В.Радлов. Из Сибири. Страницы дневника. Москва,1989ж.
14. А.Н.Кононов. Родословная туркмен. Сочинения Абу-л-Гази (Бахадур-хана) хана хивинского . Москва, 1958.
15. Теңізбай Үсенбаев. Алшын шежіресі. Қызылорда, Тұмар, 2003 ж.
16. В.В. Востров, М.С.Мұқанов.Родоплеменной состав и расселение казахов. Алма-Ата, Наука, 1968 ж.
17. Ж.Сабитов. Происхождение аргын и маджар. The Russian Journal of Genetic Genealogy (Орысша нұсқа)1-том , №1, 2009 жыл.
18. Аманбай Құнтөлеуұлы әл-Құланды. Едіге би және Ноғай Ордасы. Алматы, Дәуір, 2013 ж.
19. А.Р. Кудияров История Каракалпакстана. Текст лекций. Каракалпакский государственный университет им. Бердаха. Кафедра Истории Узбекистана и Каракалпакстана
20. История Казахстана в русских источниках1-2 т. Алматы, Дайк-Пресс, 2005 ж.
21. История Казахстана в русских источниках. 5-т, Алматы, Дайк-пресс, 2007ж.
22. В.В. Трепавлов.История Ногайской Орды.Москва,Восточная литература,2002 ж.
23. Аманбай Құнтөлеуов. Аталар аруағы. Алматы, Қаржы-қаражат, 1997 ж.

24. Хисмет Табылдиев, Ақылбек Қалмұратов. Кіші жүз рулары(шежіресі мен тарихы) Алматы, «Ер-Дәулет»,1994 ж.
25. Уикипедия, Қазақша Ашық Энциклопедия http://kk.wikipedia.org/wiki/Бақан
26. А. Юнусов. Ахыскинские турки: Дважды депортированный народ. www.ahiska-gazeta.com/ru/pages/316.html
27. В.Черненко мен Р.Арынгазин. Имена в истории Казахстана:правители Джунгарского ханства в 17-18 веках. www.kyrgyz.ru/?page=317
28. http://tainyvselennoi.mirtesen.ru/blog/43874337810/Rossiya,-Teletskoe-ozero,-respublika-Altay.
29. С.К. Хойт. Об этнониме хойт (хойид) http://journal.iea.ras.ru/online/2005/EOO2005_5c.pdf
30. http://tainyvselennoi.mirtesen.ru/blog/43874337810/Rossiya,-Teletskoe-ozero,-respublika-Altay.
31. Энциклопедический Словарь Ф.А.Брокгауза и И.А.Ефрона. Сибирь. http://www.vehi.net/brokgauz/all/093/93341.shtml
32. Ж.Сабитов: Происхождение кыргызов с точки зрения полиморфизма Y-хромосомы
33. http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1380522540http://www.bashklip.ru/forum/16-64-1
34. О трех линиях родства у алтайцев http://new.hist.asu.ru/naltai/ualtairodstvo.html
35. http://www.kazakh.ru/talk/mmess.phtml?idt=109061http://en.wikipedia.org/wiki/Kul_Tigin
36. Екеев Н.В. Алтайская этногония: вопросы состава, типологии, этимологии, стратиграфии. http://clib.gaju.ru/2a/archive/2002/08/21.html#ekeev.
37. Г. Лучинский Историко-этнографическая карта Сибири XVI века. https://commons.wikimedia.org/wiki/File:Peoples_Siberia_XVI.jpg?uselang=ru
38. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі.WikiBilim.Кітап http://kitap.kz/book/5338-turik_qyrhyz_qazaq_am_xandar_shezhres/
39. (www.centrasia.ru/newsA.php?st=1364645820)
40. http://kk.wikipedia.org/wiki/Білге_қаған
41. http://www.travelzone.lv/rossija/raft/1983_alas/index.html
42. http://www.shubitaly.ru/index.php/meh-bargusinskogo-sobolya.html
43. Тува-Википедия https://mn.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D1%83%D0%B2%D0%B0
44. Вадим Трепавлов. Алтыулы: остатки Ногайской Орды в Казахских степях. http://cyberleninka.ru/article/n/altyuly-ostatki-nogayskoy-ordy-v-kazahskih-stepyah
45. https://ru.wikipedia.org/wiki/Мамлюки

# МАЗМҰНЫ

Алғысөз орнына........................................................... 3

Кіріспе..................................................................5

Алшындардың ру-тайпалық структурасы......................8

Алшындар қайдан келді................................................11

Орман еліндегі Алшын рулары.....................................12

Алшындардың кәсібі.....................................................20

Алшын, Алаш сөздері қайдан шықты............................28

Алшындар 1207 жылдан кейін.......................................30

Алшын руларының этимологиясы................................33

Әлім...........................................................................33

Шекті..........................................................................35

Қабақ...........................................................................40

Төлес...........................................................................49

Ша...............................................................................54

Шөмекей......................................................................55

Қаракесек.....................................................................58

Қарасақал.....................................................................61

Төртқара.......................................................................62

Кете.....................................................................,,,...63

Байұлы.........................................................................65

Алаша..........................................................................65

Адай.............................................................................67

Беріш............................................................................69

Байбақты.......................................................................70

Шеркеш.........................................................................71

Есентемір......................................................................73

Таз........................................................................75
Масқар....................................................................76
Тана........................................................................76
Алтын-Жаппас.......................................................76
Қызылқұрт..............................................................77
Ысық........................................................................79
Алшын шежірелеріндегі маңғыт компоненті................79
Сирақ........................................................................79
Жақайым..................................................................81
Жаңбыршы..............................................................82
Ағыс........................................................................82
Көгіс........................................................................83
Шағыр....................................................................83
Жауғашты..............................................................83
Қасай........................................................................84
Мәңгілік ел..............................................................89
Пайдаланылған әдебиет пен дереккөздер......................90